



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



# ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

<http://www.turkalemi.org/>

№ 4 (сәуір, 284) 2026 жыл

## АРМАНДАР АСЫЛ БОЛСЫН



«Асыл арман – 2026» атты халықаралық көпжанрлы байқауды осы жылдың қаңтар және наурыз айларында Алматы қаласындағы Түркі халықтары мәдени қоры ұйымдастырды. Бұған дейін «Алматы – түркі әлемінің жастар астанасы» болып жарияланған еді. Осы маңызды мәдени бастаманы қолдау мақсатында қорымыз аталған жобаны жүзеге асыруды жөн көрді.



Бүгінде ширек ғасырдан астам уақыт бойы Түркі халықтары мәдени қоры жыл сайын балалар шығармашылық ұжымдарын түрлі фестивалдер мен байқауларға қатыстыру арқылы олардың өнер жолындағы дамуына жаңа мүмкіндіктер ашып, шығармашылық шабытын арттырып келеді.

Байқауға еліміздің әр өңірінен келген балалардың хореографиялық және вокалдық ұжымдары қатысты. Бас жүлде мен супер бас жүлде иегерлері Түркияға жолдамамен марапатталды. Оларды алда Стамбұл, Анкара, Фетхие, Аланья және өзге де қалалар күтіп тұр.

Біздің жас өнерпаздар Түркияда жыл сайын 23-сәуірде кең көлемде атап өтетін «Балалар мерекесіне» арнайы шақырылып отырды. Бұл – әлемдегі теңдесі жоқ мерекені Мұстафа Кемал Ататүрік оны бүкіл әлем балаларына арнаған болатын.

Қазақстандық балалар 45 елден келген құрдастарымен жүздесіп, ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің сан қырлылығын лайықты деңгейде таныта білді. Түркия Президентінің Анкара қаласындағы Президент сарайында, мемлекет басшысы Режеп Тайып Ердоғанның қатысуымен өткен салтанатты шара қазақтың «Бүркіт биі» әуенімен орындалған әсерлі флешмобпен басталды. Бұл би бүгінде әлемдік трендке айналғаны белгілі.

Осылайша, біз өскелең ұрпақ арасында қазақ мәдениетін кеңінен насихаттап, оның әлемдік деңгейде танылуына өз үлесімізді қосып келеміз.



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ТҮРКИЯҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев 17-сәуір күні Режеп Тайып Ердоғанның шақыруымен Түркияға жұмыс сапарымен барды.

Сапар аясында Қазақстан Президенті Анталия дипломатиялық форумының ашылуына қатысып, панельдік отырыста сөз сөйледі. Сонымен қатар жоғары деңгейдегі бірқатар екіжақты кездесулер өткізілді.

Халықаралық «Түркі әлемі» газеті бұл сапарды бауырлас елдер арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға бағытталған маңызды қадам ретінде бағалайды.

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген саясаткерлерді, дипломаттарды, сарапшылар мен медиа өкілдерін тоғыстыратын Анталия дипломатиялық форумы – жаһандық диалог пен өзара түсіністікті арттыратын беделді алаң. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық соңғы жылдары қарқынды дамып, өзара сенім мен бауырластыққа негізделген стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Осы тұрғыда Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл сапары екіжақты қарым-қатынастарға жаңа серпін беріп, ортақ бастамалардың жүзеге асуына жол ашады деп күтілуде.

**SELVADOR**  
aluminium

- ГИЛЬОТИННАЯ СИСТЕМА ОСТЕКЛЕНИЕ
- ПЕРГОЛА ТЕНТ
- БИОКЛИМАТИЧЕСКАЯ ПЕРГОЛА
- ПЕРЕГОРОДКИ
- РАЗДВИЖНЫЕ СИСТЕМЫ: ОКНА И ДВЕРИ
- ФАСАДНАЯ СИСТЕМА

Адрес: Казахстан, г.Алматы, район Алмалинский  
улица Жибек жолы 135, почтовый индекс 050000  
сайт: [www.selvador.kz](http://www.selvador.kz)

+7 (727) 978 10 10, +7 (700) 978 10 10

**HÄUSLER**  
Тұрмыстық техника және электроника

**ҮЙҢІЗ ҮШІН СЕНІМДІ САПА**

Заманауи технологиялар, сенімділік және әр бөлшектегі стиль.

- СЕНІМДІЛІК: Үлкен мерзімді кепілдік. Бір бөлшек кепілдігі.
- ТЕХНОЛОГИЯ: Инновациялық шешімдер. Стайп қорғалғыш, ұялы.
- СТИЛЬ: Заманауи дизайн. Стайп үйірінің үйлесімі.

БІЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕМІЗ

- hausler\_tehnika (Instagram)
- HauslerTehnika (YouTube)
- hausler.com.kz (Ресми сайт)

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – БІЗДІҢ БАСТЫ БАҒЫТЫМЫЗ!

Кез келген сұрағыңызға қуана жауап береміз!

Алматы қ., Райымбек даңғылы, 223Д  
Қазақстан

РЕСМИ ӨКІЛ «REGNUM» LLP

**TEM TOUR**  
TRAVEL AGENCY

Әлемнің кез келген бұрышына ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- Тіркелу және виза жасау
- Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana | Lufthansa | TURKISH AIRLINES | QATAR AIRWAYS

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111  
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864  
Ұялы тел.: +7 701 555 08 36  
effcket@temtour.net

Astana, 19, str. Tashenova  
T.: +7 (7172) 91 94 94  
M.: +7 (702) 500 90 03  
travelastana@temtour.net

## БІЛІМ – БОЛАШАҚТЫҢ АЛТЫН КІЛТІ

Қиындыққа қарсы тұрып, мойымау – адамды жетістікке жетелейтін басты қасиеттердің бірі. Білімге деген құштарлық та дәл осы ұстанымнан басталады. Адам өз білімін үздіксіз толықтырып отырғанда ғана өмірде өз орнын таба алады.

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген халық даналығы бүгінгі күні бұрынғыдан да өзекті. Қазіргі заман – күшке емес, білімге сүйенетін кезең. Мемлекет басшысы да білім мен ғылымның ел дамуының негізгі тірегі екенін атап өтіп, білімді тиімді қолдана білу – басты талап екенін ерекше көрсеткен.

Жастар – ел болашағының негізгі қозғаушы күші. Әрбір жас өз қабілеті мен білімін дамыту арқылы қоғамда өз орнын табуға тиіс. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы да, қоғамдық белсенділік те ең алдымен жастардың білім деңгейі мен жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан жас ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуына ерекше көңіл бөлінуі қажет.

Қазіргі таңда жастардың бойында ұлттық құндылықтарды сақтау, елге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Тәуелсіз елдің дамуына үлес қосу – әрбір жастың азаматтық борышы.

Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттері өз білімдері мен белсенділіктері арқылы үлкен үміт күттіріп отыр. Олардың ізденісі мен мақсатқа ұмтылысы жастардың қоғамда өз орнын табуға дайын екенін көрсетеді. Мұндай білімді, жігерлі жастар еліміздің ертеңгі көшбасшылары болатынына сенім мол. Қорытындылай келе, білім – тек ақпарат емес, ол болашаққа жол ашатын алтын кілт. Сол кілтті дұрыс пайдалана білген адам ғана өз өмірін де, қоғамын да алға жетелей алады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
Н.М.Саттарова, Г.С.Нурбақова

## БІЛІМ – ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ

Адам өміріндегі кез келген мүмкіндік көбіне оның ойлау жүйесі мен көзқарасынан бастау алады. Қиындықты алға тосқауыл емес, даму жолындағы тәжірибе ретінде қабылдай білу – табысқа жетудің маңызды алғышарты. Сондықтан айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатып, жақсы ой қалыптастырудың маңызы зор.

Жақсы орта адамға тек қолдау ғана емес, мотивация да береді. Қолдаушы жандардың болуы адамның алға ұмтылуына, өз қабілетін ашуына әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, өмірде сенім артатын, дем беретін адамдардың болуы – үлкен мүмкіндік.

Мен қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жүрмін. Университет қабырғасына келгеннен бері бізге біліммен қатар өмірлік бағыт-бағдар беріп жүрген ұстаздарымыздың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Әсіресе физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушылары біздің дамуымызға үлкен үлес қосып келеді.

Бұл ұстаздар әр семестр сайын бізге тек пәндік білім беріп қана қоймай, адамгершілік, жауапкершілік және табандылық сияқты қасиеттерді де бойымызға сіңіреді. Олардың қолдауы мен бағыт-бағдары бізге алға қойған мақсаттарымызға сенімді түрде қадам басуға мүмкіндік берді. Осындай тұлғалардың ықпалы өмірлік жолымызда маңызды орын алатыны сөзсіз.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тек Қазақстанда ғана емес, Орталық Азиядағы жетекші білім ордаларының бірі ретінде танылып отыр. Университетте ғылыми ізденіске, шығармашылыққа және жеке тұлғалық дамуға толық жағдай жасалған. Студенттердің жан-жақты дамуы үшін барлық қажетті инфрақұрылым мен академиялық мүмкіндік қарастырылған.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
Б.Б.Сейфуллина, Ф.Б.Белисарова

## ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТІРЕГІ

«Жастықта білім іздемеген адам кейін өкініште қалады» деген даналық сөз жастардың өмірлік бағытының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Жас буынның қалыптасуы – елдің ертеңін айқындайтын негізгі факторлардың бірі.

Қазіргі қоғамда жастардың рөлі ерекше. Олар тек білім алып қана қоймай, ел дамуына белсене араласуы тиіс. Сондықтан мемлекет тарапынан жастарды қолдауға, олардың қабілетін дамытуға бағытталған түрлі бағдарламалар жүзеге асырылып келеді.

Соңғы жылдары жастар саясатына ерекше көңіл бөлініп, олардың білім алуына, кәсіби дамуына және әлеуметтік белсенділігіне жағдай жасалуда. Бұл бағыттағы жұмыстар жастардың өз мүмкіндігін толық ашуына жол ашып отыр.

Қазіргі заман – білім мен технология заманы. Сол себепті жастар тек дайын біліммен шектелмей, жаңашыл ойлау қабілетін дамытуға қажет. Жаңа идеялар мен шығармашылық көзқарас елдің бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді.

Осы тұрғыда еліміздегі жоғары оқу орындарының рөлі маңызды. Олар жастарға тек білім беріп қана қоймай, олардың азаматтық көзқарасын қалыптастырады. Түрлі ғылыми және мәдени жобалар арқылы студенттердің белсенділігі артып келеді.

Әсіресе әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жастарға арналған көптеген бастамалар жүзеге асырылуда. Студенттер ғылыми форумдарға қатысып, өз идеяларын ұсынып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болуда. Бұл олардың жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Сонымен қатар халықаралық академиялық бағдарламалар арқылы жастар шетелдік тәжірибе жинап, әлемдік білім кеңістігімен танысуда. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтіп, болашақта бәсекеге қабілетті маман болуына жол ашады.

Қорытындылай келе, жастар – елдің ең басты капиталы. Олардың білімі мен белсенділігі мемлекеттің дамуын анықтайды. Сондықтан жастарға жасалған инвестиция – ел болашағына жасалған ең маңызды қадам.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
Д.Е.Қадырова, А.А.Комаров

## ҚАЗҰУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Қазіргі білім беру кеңістігінде халықаралық байланыстардың маңызы ерекше. Жоғары оқу орындары тек ұлттық деңгейде ғана емес, әлемдік ғылым кеңістігінде де өз орнын нығайтуға ұмтылады. Осы тұрғыда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті халықаралық ынтымақтастықты дамытуда маңызды рөл атқарып келеді.

Университеттің шетелдік ғылыми орталықтармен және жетекші оқу орындарымен байланысы жыл сайын кеңейіп келеді. Бұл студенттер мен оқытушыларға тәжірибе алмасуға, бірлескен ғылыми жобаларға қатысуға және әлемдік деңгейдегі зерттеулермен танысуға мүмкіндік береді.

ҚазҰУ көптеген халықаралық ұйымдармен және университеттермен серіктестік орнатқан. Олардың қатарында Еуропа, Азия және Америка құрлықтарындағы беделді оқу орындары бар. Бұл әріптестік ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер және бірлескен зерттеу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар студенттерге академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы шетелде білім алу мүмкіндігі ұсынылады. Бұл олардың кәсіби деңгейін көтеріп қана қоймай, мәдениетаралық тәжірибе жинауына да жол ашады. Осындай бағдарламалар арқылы студенттер әлемдік білім жүйесімен жақынырақ танысады.

Университеттің халықаралық беделін арттыруға ғылыми жобалар мен бірлескен зерттеулер де үлкен үлес қосуда. Шетелдік ғылымдармен бірлесе жүргізілген жұмыстар жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ҚазҰУ-дың халықаралық байланыстары оның жаһандық білім кеңістігіндегі орнын күшейтіп, студенттер мен ғалымдарға кең мүмкіндіктер ашып отыр.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
Сіләмбекқызы Балжан,  
Жәми Бақытжан

## БІЛІМ МЕН ИННОВАЦИЯ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі заман – білім мен бәсекеге қабілеттіліктің кезеңі. Өз мақсатына жету үшін адам тек ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибеде дұрыс қолдана білуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда, елімізде ғылым мен білімді дамытуға бағытталған мемлекеттік бастамалардың маңызы ерекше.

Білім тек жеке жетістікке жетудің құралы емес, ол – қоғамның тұрақты дамуының негізі. Жаңа технологиялар мен өзгерістер дәуірінде білімді ұрпақ қана елдің экономикалық және әлеуметтік өрлеуін қамтамасыз ете алады. Сондықтан білім беру жүйесін жетілдіру – стратегиялық маңызды міндеттердің бірі.

Мемлекет басшысы өз сөздерінде ғылым мен білім саласының әлі де толық деңгейде дамымағанын атап өтіп, оны ел дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде қарастыру қажеттігін айтқан. Бұл бағытта жүргізілетін реформалар экономиканың барлық саласын жаңғыртып, жаңа технологиялар мен инновацияларға негізделген жүйеге көшуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, отандық экономиканың жаңа құрылымын қалыптастыруда ғылым мен білімнің дербес әрі стратегиялық сала ретінде дамуы маңызды рөл атқарады.

Бұл өз кезегінде халықаралық деңгейдегі дамыған елдердің тәжірибесімен үндесіп, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Ғылыми кадрларды даярлау мәселесі де ерекше назарда. Докторантура гранттарын көбеюі, олардың қаржылық қолдауын арттыру және постдокторантура бағдарламаларын дамыту – еліміздің ғылыми әлеуетін күшейтетін маңызды қадамдар. Мұндай бағдарлама алғаш рет әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жүзеге асырылып, өз тиімділігін көрсеткені белгілі. Қазіргі технологиялық даму кезеңінде био және нанотехнология, жасанды интеллект, виртуалды шынайылық сияқты бағыттарға басымдық беру қажет. Бұл салалар болашақ экономиканың негізін құрайды және елдің ғылыми-техникалық дамуына серпін береді. Қорытындылай келе, білім мен ғылымға жасалып жатқан қолдау – әрбір азаматтың дамуына мүмкіндік беретін маңызды фактор. Бұл бастамалар еліміздің болашағына сеніммен қарауға негіз қалайды.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
Әмірхан Бұрқанат, А.А.Комаров

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ АЙНАСЫ

Адамның тұлға болып қалыптасуы балалық шақтан басталады. Сол кезеңде берілген тәрбие, қалыптасқан орта және баланың эмоциялық тәжірибесі оның болашақ өмірлік бағытын айқындайтын негізгі факторлар болып табылады. Қорқыныш, қуаныш, сенім немесе үрей сияқты сезімдер баланың ішкі әлеміне тікелей әсер етіп, оның мінезі мен шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады. Сондықтан тәрбиені ерте жастан бастап дұрыс бағыттау аса маңызды.

Балалық шақтағы ойлар мен әрекеттер кейінгі өмір жолына тікелей ықпал етеді. Осы себепті әрбір ата-ана мен тәрбиеші баланың саналы, ізденімпаз болып өсуіне жағдай жасауы қажет. Себебі кейінгі кезеңде қалыптасқан қате көзқарастарды өзгерту әлдеқайда қиын болады.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде білім беру орындарының да рөлі ерекше. Еліміздегі жетекші оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – жыл сайын мыңдаған талапкерді қабылдай отырып, олардың кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал етеді. Алайда мұнда тек білімге құштар, ізденімпаз және ойлау қабілеті дамыған жастар ғана оқуға қабылданады. Бұл талап түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану жағдайында универ-

ситеттер халықаралық білім кеңістігімен тығыз байланыс орнатуда. Студенттерге академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы шетелде тәжірибе жинауға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар университеттің заманауи кітапхана жүйесі білім алушыларға кең ақпараттық база ұсынады. Электронды ресурстар мен халықаралық ғылыми басылымдарға қолжетімділік жас ізденімпаздардың зерттеу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тек Қазақстанда ғана емес, Орталық Азиядағы жетекші білім ордаларының бірі ретінде танылған. Мұнда студенттердің ойлау қабілетін дамытуға, ғылыми ізденіс жүргізуге және тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге барлық жағдай жасалған. Сондықтан да университет ұлттық және халықаралық рейтингтерде үнемі жоғары орын иеленіп келеді.

Қорытындылай келе, ұрпақ тәрбиесі – ел болашағын айқындайтын ең маңызды құндылық. Тәрбие мен білімнің дұрыс үйлесуі ғана саналы, бәсекеге қабілетті әрі ел дамуына үлес қосатын тұлғаны қалыптастырады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
Серікжанұлы Нұрбақыт, Қ.А.Бошқаев



ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА ҚЫРҒЫЗ АЛАТАУЫНАН БОЙ КӨТЕРІП, ӘЛЕМДІК ӘДЕБИЕТТІҢ БИІК ШЫҒАРМАШЫНЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛҒАН ШЫҒЫС АЙТМАТОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ӨЗІНІҢ ЗАМАНАУИЛЫҒЫМЕН, АДАМЗАТ ҚОҒАМЫ ДАМУЫНЫҢ АЛДЫНДА ТҰРҒАН ПРОБЛЕМАЛАРДЫ УАҚТЫЛЫ КӨТЕРУІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ. ҚАЗІР ӘЛЕМДІК АУҚЫМДА ЖҮРІП ЖАТҚАН ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІН БАЙҚАМАСА, ОРНЫ ТОЛМАС ӨКІНІШТЕРГЕ АПАРЫП СОҚТЫРАТЫНДЫҒЫН ОСЫДАН ЖАРТЫ ҒАСЫР БҰРЫН ЕСКЕРТКЕН ЖАЗУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ АДАМЗАТ ҚОҒАМЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІН ЖҮРЕК ЛҮПІЛІМЕН СЕЗІНІП, КӨҢІЛ КӨЗІМЕН БАРЛАЙ БІЛГЕН КӨРІПКЕЛДІГІМЕН БИІКТЕЙ ТҮСУДЕ. ӘЛЕУМЕТТІК, ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕС БАРЫСЫНДА ТУЫНДАУЫ МҮМКІН АДАМ, ТАБИҒАТ ЭКОЛОГИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН ХХ ҒАСЫР ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ІШІНДЕ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА АЛҒАШ КӨТЕРГЕН Ш.АЙТМАТОВ БОЛАТЫН. ТӨМЕНДЕ БІЗ БҮКІЛ ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ САРЫНЫНА АЙНАЛҒАН «ҚАЙТКЕНДЕ АДАМ АДАМ БОП ҚАЛАДЫ» ДЕГЕН САУАЛДЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ КӨП ОЙЛАНҒАН, ОЙ ТЕРБЕТКЕН ҰЛЫ ЖАЗУШЫНЫҢ ТІЛ, ҰЛТ, ҚОҒАМ, АДАМ, ТАБИҒАТ ЭКОЛОГИЯСЫ ЖАЙЛЫ ӨЛМЕС ОЙЛАРЫНЫҢ БІР ПАРАСЫН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

# АЙТМАТОВТЫҢ АФОРИЗМДЕРІ

«Маған қазақ елі – өзгеше жақын халық».

«...Тіл – кез келген халықтың дара жаратылысын айқындайтын бірден-бір бедер-кескіні, тіл – оның тәжірибесінің, танымының, мәдениетінің, тарихының тоғысқан тірек-тұтқасы, дербес айнасы, ең соңында тіл – ұлттық эмоциялы сезімдерінің жай тартқышы және мәңгілік зердесі».

«Халық өз тілінде өзін және өзін көрсетеді».

«Біз өзіміздің ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтаймыз, бағалаймыз, дамытамыз, қолданамыз».

«Сөз ұлттық тілдер жайында болып жатқанда, біз бұл мәселеге тым еркінсіп, тым атүсті қарап жүрген сияқтымыз».

«...Мен үшін ана тілді ықтиярмен таңдап алу мәселесі қорлаумен, кекесін мысқылмен бара-бар. Әйтпесе о заман да бұл заман ана тілдің аты ана тіл емес пе?! Сүйекпен бітіп, қанмен жаралған нәрсені қалайша таңдап алуға болады?»

«... Ұлттың сана-сезімін оның өз тарихынан бөліп алуға, одан қалса ана тілінен бас тартуға шақырғандарды құптаудың, қолдаудың да керегі жоқ. Бұл қалай әділдік болсын, мұның өзі, түптеп келгенде, өз ата-анасынан бас тартуға келіп саяды ғой».

«Көппіз бе, азбыз ба, гәп онда емес, гәп – біз тіршілік кешіп отырған туған жер қырғыз деген іргелі елдің бірден-бір шоғырланған орталығы, бірден-бір эпицентрі. Міне, осы жерде ғана бізге барлық мүмкіндіктер бар. Тек осы жерде, басқа жерде емес».

«Ал егер қырғыз мәдениеті осы өз жерінде дамымаса, орнықпаса, басқа еш жерде дами да, орныға да алмайды».

«Біз өзіміздің ана тілімізді сақтап қалғанда ғана ұлттық мәдениетіміз сол дара бітім-бедерінде, өзіндік кескін келбетінде қалып дами береді».

«...Біз «Манас» эпосын ақырғы деміміз біткенге шейін қорғаймыз!»

«Тіл жөніндегі сөз ең әуелі ұлт жөніндегі сөз дей аламыз. Қай ұлт болмасын оның мәңгілік өмірі тілінде».

«Біз адам жан-дүниесіндегі асыл қасиеттерді, адамдықты сақтап қала алғанда ғана жаһандану процесі пенде тіршілігінің алдына келешек туралы күмәнді сауалын тастамайтын болады».

«Тілді сақтап қалудың, оны одан әрі дамытудың бірден-бір факторы ұлттық тіл – мемлекеттік саясаттың негізгі атрибуты ретінде өз елінің ресми өмірінде жаңаша қолданылуы керек деп ойлаймын».

«Тілге қиянат жасау – ұлтқа қиянат жасаумен тең деп бағалануы керек».

«Ал енді қырғыз тілі бұл түпкілікті елдің тілі, бұл тіл өз шаңырағында дамымаса, қайда дамиды?»

«Шындығын айтайын, тіліміз үшін басымды беруге де дайын едім».

«Біз ұлттық тілімізге ыңғайлы ортаны қалыптастырмай тұрып оны дамыта алмаймыз».

«Тіл саясаты балалар бақшасынан Жогорку Кеңештерге дейін, өкіметтік жиын, протоколдарға дейін жүргізілуі керек».

«Гәп ең әуелі тілде емес, ділде».

«Ұлттық тіліміз – қаншама ғасырлардан бері ата-бабаларымыздан бізге қал-дырылған ең байлық, ұлы дәулет».

«Егер біз тілімізді кие тұтып, оны кейінгі ұрпаққа жеткізе алмасақ, тіл ғана емес, тұтастай ұлт жоғалып кетеді».

«Тіл алдындағы жауапкершілік қатардағы бұқарадан тартып, жоғарғы билік өкілдеріне, Президентке дейін бірдей. Егер бұл жауапкершілікті сезінбесе, онда жақсылық жоқ».

«Рас, ұлттық тілдің ғана шеңберінде шектеліп қалудың өзі де прогреске алып келмейді».

«Адам өз тілін ділінде кие тұтса, ол ешқашан ана тілін керексіз етіп кете алмайды».

«Тіл – адам баласының таным көкжиегін кеңейткен қасиетті күш».

«Қырғыз тілі – мен үшін Отан-Ана, кіндік қан тамған жер сияқты киелінің киелісі».

«Мен бұл ғұмырымда қайсыбір биік шыңға шыға алдым десем, оны ана тілімнің ұлы рухының қолдағаны деп білемін».

«Ана тілін ұлықтандар».

«Тіл жоқ жерде ұлт жоқ».

«Мәңгірт болмаңдар».

«Ең бастысы, өзіміздің ерекшеліктерді сақтап, сол арқылы әлемнің даму бағытына бейімделе білуіміз керек. Сол кезде өз жолымыздан, бағытымыздан адаспайтын боламыз».

«Біз дүниені, дүние бізді өзгертті».

«Каждый язык – творение человеческого гения, каждый язык – ценность общезначимого порядка».

«Мы не вправе пренебрегать никаким языком, какому бы он не находился бы».

«Отмирание и затем исчезновение языка, не имеющего письменности, следует рассматривать как утрату общей культуре человечества».

«...Национальное никак нельзя противопоставлять интернациональному».

«Біз, адамдар, бәріміз бір қайықтамыз, алдымызда ұлы мұхит».

«...Басқалардан үйренбейінше дами алмаймыз, бірақ үйренгеннің өзінде де олардың тәжірибесі бізге дайын рецепт бола алмайды».

«Адам дүниесінің артықшылығы оның көп дауыстылығында, түрлілігінде, түрлі тіл мен ұлттардың болмысында».

«Адам өмірін біркелкі ету деген оның жеке тұлғалық ерекшелігін жоюмен тең».

«Бір мәдениеттің гегемониясы ешуақытта әлемнің үйлесімін сақтап тұра алмайды».

«Мен жазушы және жалпы адам ретінде әлемдік мәдениеттің біркелкі болуына қарсымын».

«...Рухани өмірде ғана емес, мемлекеттік модельдің өзінде де ұлттық ерекшелігімізді сақтап қалуымыз керек».

«Даму барысында өркениетке қосылатын жолды, өзімізді-өзіміз жоғалтып алмайтын жолды таңдап алуымыз керек».

«Өмірдің қадірін әркім өз бетінше табуы керек. Ал мен өмірдің қадірі сенімде деп айтар едім».

«Әрбір адамның өзінің құпия сенімі бар. Ол сенім оны жақсылыққа, тазалыққа ғана емес, бұл дүниеге келуіндегі мақсатына жетелейді».

«Өмірдің нағыз тірегі – сенім, бақыты да – сенім».

**Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Мектепті жаңа аяқтаған жас үшін алдағы оқу орнын таңдау – өміріндегі ең маңызды әрі жауапты кезеңдердің бірі. Бірнеше жоғары оқу орнының ішінен өзіне лайықтысын таңдау оңай емес, бұл шешім болашақ өмір бағытын айқындайды. Осындай сәтте біздің таңдауымыз Алматы қаласында орналасқан, еліміздің беделді білім ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне түсті.

Қазіргі таңда жастар үшін тек білім алу ғана емес, сонымен қатар жан-жақты дамуға мүмкіндік беретін орта да маңызды. Себебі тұлға болып қалыптасу тек дәріс тыңдаумен шектелмейді, ол – орта, қарым-қатынас және тәжірибе арқылы жүзеге асатын күрделі процесс.

ҚазҰУ – тарихы терең, ғылым мен білім-

## ЖАС БУЫННЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ОРТАСЫ

нің ірі орталығы болып саналатын жоғары оқу орындарының бірі. Мұнда жүздеген профессорлар мен тәжірибелі ғалымдар қызмет атқарып, студенттерге сапалы білім беруге үлес қосып келеді. Университет көптеген мамандықтар бойынша білім беріп, жастардың өз қабілетіне сай бағыт таңдауына мүмкіндік жасайды.

Оқу орнының басты ерекшеліктерінің бірі – біртұтас кампус жүйесі. Мұнда оқу ғимараттары, кітапхана, жатақханалар және демалыс орындары бір аумақта орналасқан. Бұл студенттердің уақытын тиімді пайдаланып, тек білім мен дамуға назар аударуына қолайлы жағдай туғызады.

Сонымен қатар университетте студенттердің белсенділігін арттыруға бағытталған түрлі ұйымдар жұмыс істейді. Олар жастардың көшбасшылық қабілетін дамытып, қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік береді. Студенттер түрлі іс-шараларға қатысып, өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді.

Ғылымға қызығушылық танытқан жастар үшін де кең мүмкіндіктер қарастырылған. Университетте ғылыми конференциялар, жобалар мен инновациялық бастамалар жиі ұйымдастырылады. Бұл студенттердің зерттеу дағдыларын дамытып, жаңа идеялар ұсынуына жол ашады.

Қорытындылай келе, мұндай орта жас буынның жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Білім, тәжірибе және белсенді студенттік өмір біріккен жерде тұлға қалыптасады. Сондықтан бұл оқу орны әрбір жас үшін тек білім алатын мекен ғана емес, сонымен қатар өмірлік жолын айқындайтын маңызды орта болып табылады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,**  
теориялық және ядролық физика кафедрасы  
**С.В.Утебаев, Д.М.Зазулин**

## ТӘРБИЕ мен БІЛІМ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген дана сөздің мәнін әркім әрқалай түсінеді. Біреу оны терең ұғынса, енді бірі үстірт қабылдауы мүмкін. Дегенмен бұл ойдың түпкі мағынасы – ұрпақ тәрбиесінің қоғамдағы шешуші рөлін көрсету.

Адамның қалыптасуында отбасы тәрбиесі, әлеуметтік орта және қоғам ықпалы маңызды орын алады. Егер берілген тәрбие мен білім жүйелі түрде игерілсе, адам тек кәсіби маман ғана емес, рухани бай, парасатты тұлға болып қалыптасады. Осындай азаматтар арқылы ғана ұлттың келешегі нығайып, «ұрпақпен мың жасайтын» ұғым шындыққа айналады.

Мен қара шаңырақ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ұстаз ретінде шәкірт тәрбиесі жайлы ойларымды жиі саралаймын. Бүгінгі студент – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат. Сол болашақтың қандай болары қазіргі беріліп жатқан білім мен тәрбиеге тікелей байланысты. Сондықтан әрбір ұстазды «мен шәкіртімді қандай деңгейге жеткізіп отырмын?» деген сұрақ үнемі ойландырады.

Ұрпақ саналы білім мен дұрыс тәрбие алған жағдайда ғана қоғам дамуы тұрақты болады. Білім беру мекемелеріндегі жаңаша бағыттағы іс-шаралар оқушылардың ойлау қабілетін дамы-

тып, жауапкершілік пен белсенділігін арттырады. Сонымен қатар ата-анамен тығыз байланыс орнату – тәрбиенің тиімділігін күшейтетін маңызды фактор.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары мен жаңа әдістермен меңгеруі оқушыларға сапалы білім беруге жол ашады. Мұндай тәжірибе тек білім берумен шектелмей, шәкірттің бойында ізденіс, шығармашылық және дербес ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел дамуына үлес қосатын азамат. Сондықтан ұстаздың ең басты міндеті – тек білім беру емес, шабыттандыру, бағыт көрсету және тұлға қалыптастыру. Бұл жолда мұғалім өз кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

Қорытындылай келе, ұрпақ тәрбиесі – жай ғана педагогикалық процесс емес, ол елдің болашағын айқындайтын маңызды негіз. Білім мен тәрбиенің үйлесімі ғана мықты қоғам қалыптастырады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы  
А.Н.Алтынбек, Д.С.Валиолда**

## БІЛІМ мен ТӘРБИЕНІҢ ҮЙЛЕСІМІ – ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Білім туралы сөз қозғауға әрдайым мүмкіндік бар. Дегенмен ең басты сұрақ – сол білімді адам қалай қолданады? Бір жағдайда ол қоғамға пайда әкелсе, екінші жағдайда кері әсері де болуы мүмкін. Сондықтан мұнда адамгершілік пен рухани құндылықтар шешуші рөл атқарады. Сол себепті әр адам қоғамға пайдалы, өнегелі тұлға болуға ұмтылуы қажет.

Әл-Фараби бабамыз «Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – азаматтың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деп айтқан. Бұл ой адам болмысының негізі тәрбие екендігін, ал білім сол тәрбиемен бірге жүргенде ғана игілікке айналатынын көрсетеді. Сонымен қатар бұл сөз ұрпақтың саналы, жауапты болып қалыптасуының маңызын айқындайды.

Отанға деген сүйіспеншілік – білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі. Отан ұғымы халықпен тығыз байланысты, ал халық – адамдар қауымдастығы. Демек, адамға құрмет көрсету, жақсылық жасау – шынайы патриотизмнің көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтар арқылы елжандылыққа тәрбиелеу аса маңызды.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті ретінде осы құндылықтардың өмірде қалай жүзеге асатынын күнделікті көріп жүрмін. Университетке келген сәттен бастап оқытушылар тек білім беріп қана қоймай, бізге адамгершілік, жауапкершілік және ізгілік секілді қасиеттерді де үйретіп келеді. Әр семестрде түрлі пән оқытушыларының тәжірибесімен танысу бізге жан-жақты дамуға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде біз тек кәсіби білім алып қана қоймай, тұлғалық жағынан да қалыптасып келеміз. Ұстаздардың еңбегі – шәкірттің болашағына бағыт беру.

Қорытындылай келе, тәрбие мен білімнің бірлігі – елге қызмет ететін, қоғамға пайдалы азамат қалыптастырудың басты негізі болып табылады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы  
А.А.Смат, Қ.М.Назаров**

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ҚОЛДАУ мен БАҒЫТ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Жоғары оқу орнында студенттің бейімделу процесінде маңызды рөл атқаратын тұлғалардың бірі – куратор. Ол тек ұйымдастырушы емес, студенттің оқу ортасына сіңісуіне және жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін бағыт беруші қызметін атқарады. Куратор студентке оқу үдерісін түсінуге көмектесіп, қажет жағдайда кеңес беріп, қолдау көрсетеді. Оның негізгі мақсаты – студенттің оқуына кедергі келтіретін мәселелерді шешуге көмектесу және оның дамуына жағдай жасау.

Сонымен қатар куратор студенттің белсенділігін арттыруға, жауапкершілік пен тәртіпті қалыптастыруға ықпал етеді. Ол тек білімдік бағыт беріп қана қоймай, студенттің қоғамға бейімделуіне де әсер етеді.

Студент үшін жаңа ортаға үйрену әрдайым оңай бола бермейді. Мұндай кезеңде куратордың қолдауы үлкен рөл атқарады, себебі ол студентке сенім ұялатып, өз орнын табуға көмектеседі. Көп жағдайда дәл осы қолдау студенттің оқу мотивациясын арттырып, алға ұмтылуына себеп болады.

Сонымен бірге куратор студенттің жеке қызығушылықтарын ескеріп, оның қабілетін дұрыс бағытта дамытуға ықпал етеді. Бұл тек академиялық жетістікке ғана емес, болашақта кәсіби тұрғыда дұрыс жол таңдауға да әсер етеді. Уақыт өте келе куратор мен студент арасындағы қарым-қатынас нығайып, өзара сенім қалыптасады. Бұл студенттің өз мүмкіндігіне сенуіне және мақсаттарына жетуіне оң әсер етеді.

Қорытындысында, куратор жоғары оқу орнында студенттің дамуына бағыт беретін маңызды тұлға болып саналады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы  
Ж.К.Альжанова, М.Е.Абишев**

## БІЛІМ мен АҚЫЛ-ОЙДЫҢ ЕЛ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

Қазіргі уақытта білім алу мүмкіндіктері кеңейіп, түрлі оқу орындары жаңа технологиялар мен заманауи әдістерді қолдануда. Сондықтан мектеп бітіруші түлектер мен ата-аналар үшін сапалы білім беретін оқу орнын таңдау маңызды шешімдердің бірі болып отыр. Елдің болашағы ең алдымен білімге салынған инвестициямен тікелей байланысты.

Білім мен ғылымның қоғамдағы рөлі туралы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім мен ғылым – әлемді өзгерте алатын ең басты күш» деп атап өткен болатын. Бұл пікір білімнің тек жеке тұлға үшін емес, бүкіл қоғамның дамуы үшін маңызды екенін көрсетеді. Жоғары оқу орындары осы бағыттағы негізгі орталықтардың бірі болып саналады, олардың қатарында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті де бар.

Бұл университетке жыл сайын еліміздің әр аймағынан көптеген талапкерлер құжат тапсырады. Алайда тек білімге ынталы, ізденімпаз, ойлау қабілеті дамыған және бәсекеге қабілетті жастар ғана оқуға қабылданады. Мұндай талап университет түлектерінің еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болуына ықпал етеді.

Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары оқу орындары халы-

қаралық білім кеңістігімен тығыз байланыс орнатуға ұмтылады. Осыған байланысты студенттерге шетелдік тәжірибеден өту, академиялық алмасуларға қатысу сияқты мүмкіндіктер ұсынылады. Сонымен қатар электронды кітапханалар мен ғылыми базалар арқылы әлемдік ақпарат көздеріне қол жеткізу жеңілдетілген.

Университетте оқу процесі тек теориямен шектелмей, ғылыми зерттеулер мен шығармашылық жұмыстармен ұштасады. Студенттер түрлі жобаларға қатысып, өз ойларын еркін жеткізуге және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Мұндай орта олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де беделді білім ордасы ретінде танылып отыр. Мұнда студенттердің интеллектуалдық дамуына, кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жетілдіруіне толық жағдай жасалған. Сондықтан университет білім сапасын бағалау рейтингтерінде үнемі жоғары орындарға ие болып келеді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы Мырзабекова Эльмира, Қ.М.Назаров**

## БІЛІМ мен ДӘСТҮР ТОҒЫСҚАН ОРТА

Оңтүстік өңір – табиғаты көркем, өмірі қарқынды, мәдениеті бай аймақтардың бірі. Сол кеңістіктің жүрегінде орналасқан Алматы қаласы еліміздің ең ірі білім мен ғылым орталықтарының бірі ретінде танылған.

Бұл қала жастар үшін тек өмір сүру орны емес, үлкен армандарға жол ашатын мүмкіндік мекені болып саналады. Осындай ортада орналасқан ҚазҰУ – көптеген талапкерлердің басты таңдауы.

Мектепті тәмамдаған әр түлек болашақ мамандығын және білім ордасын таңдауда түрлі ойға келеді. Біз де сол кезеңде әртүрлі оқу орындарын зерттеп, өзімізге ең тиімді бағытты анықтауға тырыстық.

Университеттер арасындағы салыстыру барысында ҚазҰУ оқу жүйесі мен мүмкіндіктері арқылы ерекшеленді. Мұнда білім беру ғана емес, студенттің жан-жақты дамуына бағытталған кең орта қалыптасқан.

Университет өмірі жыл мезгілдеріне сай түрленіп отырады.

Әсіресе көктемгі кезеңде студенттер белсенділігі артып, түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Солардың ішіндегі ең ірісі – Наурыз мерекесі. Бұл мереке оқу орнында кең көлемде аталып өтеді. Әр факультет өз ерекшелігін көрсетіп, көрмелер мен мәдени бағдарламалар ұсынады.

Сонымен қатар ұлттық дәстүрлерге негізделген ойындар мен шығармашылық жобалар студенттердің белсенді қатысуымен өтеді. Бұл олардың рухани және мәдени дамуына ықпал етеді. Мұндай іс-шаралар ҚазҰУ-дың тек білім беру орталығы ғана емес, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін орта екенін айқын көрсетеді.

Университет уақыт талабына сай дамып, студенттерге сапалы білім мен қолайлы орта қалыптастырып келеді. Осындай мекенде білім алу – үлкен мүмкіндік әрі маңызды өмірлік кезең.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы А.Бердибаева, С.Тоқтарбай**

## СТУДЕНТТІК ӨМІРДЕГІ СЕΝІМНІҢ ОРНЫ

Адам өмірінде көзге көрінбейтін, бірақ шешуші рөл атқаратын құндылықтардың бірі – сенім. Ол бар жерде қарым-қатынас та, орта да берік болады, ал сенім әлсіресе, байланыстар да солғындап кетеді. Сондықтан сенім – адамның ішкі мәдениетін, мінезін және дүниетанымын айқындайтын маңызды өлшем.

Сенім бір күнде қалыптаспайды. Ол уақытпен, тәжірибемен және өзара түсіністік арқылы орнығады. Кей жағдайда адам біреуге тез сеніп қалса, қателікке ұрынуы мүмкін. Ал шамадан тыс күмәншілдік те қарым-қатынасты шектеп, адамды жалғыздыққа жетелеуі ықтимал. Демек, сенімде тепе-теңдік қажет.

Адамдар арасындағы шынайы сенім – өзара жауапкершілікке негізделеді. Біреуге сенім артқан адам сол сенімді ақтауға да міндетті. Өйткені кез келген байланыс екі жақтың да ниеті мен әрекетіне тәуелді.

Студенттік өмірде бұл ұғым ерекше мәнге ие болады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті-ке алғаш келген кезде жаңа орта, бейтаныс адамдар және басқа талаптармен бетпе-бет келесің. Алғашында әркім тек өзіне сеніп, жеке жолын іздейді.

Уақыт өте келе ортаға бейімделу үшін тек білім емес, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату да маңызды екенін түсінесің.

Осындай сәтте сенім мен достықтың құндылығы айқын сезіледі. Жаныңда қолдайтын адам болса, кез келген жаңа орта жеңілірек қабылданады.

ҚазҰУ кітапханасында басталған бір таныстық кейін шынайы достыққа айналды. Ортақ мақсат пен бір бағыттағы қызығушылық бізді жақындатып, уақыт өте келе өзара сенім қалыптастырды. Сол байланыс арқылы адамның тұрақтылығы мен адалдығы іс жүзінде көрінеді.

Өмір тәжірибесі көрсететін тағы бір маңызды тұс – қиындықтан қашу оны азайтпайды. Керісінше, кез келген сынақ адамды шыңдайды және өз күшіне деген сенімді арттырады. Осындай кезеңдерде адам өз мүмкіндігін жақсырақ тани бастайды.

Ал мақсат, еңбек және табандылық – ішкі сенімді күшейтетін негізгі факторлар. Сондықтан студент болсын, жас маман болсын немесе өмір жолын енді бастаған адам болсын – ең бастысы өз қабілетіне сену. Өйткені өзіне сенген адам ғана өмірде нақты нәтижеге қол жеткізе алады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы  
Н.Ә.Бейсен, М.Н.Аманов**




**ул Полежаева 92а/4**  
**+7 7788737927**



Түркі халықтары мәдени қорының белді мүшесі Қамаш Намазованы мерейтойымен құттықтаймыз! Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат берсін! Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға қуаныш сыйлап, Аналық бақытқа кенеліп жүре беріңіз!

*Мерейтойыңыз құтты болсын!*

### PIZZA N PIZZA

ГОТОВИМ ЗА 10 МИНУТ

ДОСТАВКА



ул. Аскарова, 2/1 +7 776 606 2373 | Ремизовка, Байшешек, 2/1 +7 705 422 0999 | ул. Оспанова, 59 +7 701 034 2002

# D&M

LUXURY PARFUMÉ

ОРИГИНАЛ ПАРФЮМДЕР | ЖОҒАРЫ САПА ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА



**Жаңа буын хош иістері**  
*Yeni nesil kokular*



ӘЛЕМГЕ ТАНЫМАЛ БРЕНДТЕР  
Dünyaaca ünlü markalar

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ПАРФЮМДЕР  
Kadın & erkek parfümleri

ҰЗАҚ УАҚЫТҚА ДЕЙІН САҚТАЛАТЫН ИІСТЕР  
Uzun süre kalıcı kokular

**Ашылу салтанатына орай жеңілдіктер**  
*Açılışa özel indirimler!*

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**  
Жамбыл көшесі, 182  
Алматы қаласы

**АДРЕС:**  
Jambıl köşesi, 182  
Almatı şehri

**БАЙЛАНЫС:**  
+90 537 731 10 02  
+7 775 143 55 81

**ІЛЕТІСІМ:**  
+90 537 731 10 02  
+7 775 143 55 81

D & M PARFUM



TANTUNI  
**Cafe 33**  
FISH & MEAT





+7(707) 766 57 19

cafe33.almaty

**г.Алматы, Абылай Хана 68**

## ӨСУ. ДАМУ. БІЛІМ АЛУ

Жоғары білім беру жүйесінде өзіндік орны бар ҚазҰУ – еліміздің зияткерлік әлеуетін қалыптастырып келе жатқан жетекші оқу орындарының бірі. Бұл университет жай ғана білім беретін мекеме емес, ол – ғылым мен жаңашылдықтың тоғысқан ортасы.

Тарихына көз жүгіртсек, оқу орны 1934 жылы негізін қалап, алғашында басқа атаумен белгілі болған. Уақыт өте келе, 1991 жылы оған ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі беріліп, жаңа кезеңге қадам басты. Бұл өзгеріс университеттің тек атауын ғана емес, оның бағыт-бағдарын да айқындап берді.

Бүгінде ҚазҰУ халықаралық деңгейде мойындалған оқу орындарының қатарында. Мұндай жетістікке жету оңай болған жоқ. Бұл – жылдар бойы үздіксіз еңбек еткен оқытушылар мен білімге құштар студенттердің ортақ нәтижесі. Университет үнемі жаңарып, заманауи талаптарға сай дамып келеді.

Студенттер үшін мұнда барлық мүмкіндік қарастырылған. Әртүрлі ғылыми жобалар, зияткерлік са-

йыстар, шығармашылық байқаулар мен белсенді студенттік өмір – жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Бұл орта әркімге өз қабілетін ашып, болашағына сенімді қадам жасауға жол ашады.

Сонымен қатар оқу ордасының рухани тірегі саналатын әл-Фараби мұрасы да ерекше мәнге ие. Оның еңбектері мен идеялары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беріп келеді. Ұлы ғалымның мерейтойының кең көлемде аталып өтуі де соның айқын дәлелі.

Жалпы алғанда, білім – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі. Қазіргі заманда сапалы білім алу – табысты болашақтың басты шарты. Ал ҚазҰУ сияқты беделді оқу орнында оқу – үлкен мүмкіндік әрі зор жауапкершілік.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
**Пасилтай Айнұр, Валиолда Динара**

## ЗИЯТКЕР ҰРПАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ОРТА

Қазіргі кезеңде қоғамның басты талабы – білімді әрі білікті маман қалыптастыру. Мұны күнделікті ақпарат кеңістігінен де, жұмыс берушілердің талаптарынан да анық байқауға болады. Алайда білімге ұмтылу тек ақпарат жинаумен шектелмеуі тиіс. Ең маңыздысы – жүйелі түрде терең әрі сапалы білім алу. Осы тұрғыдан қарағанда, ҚазҰУ таңдауымның дұрыс болғанына күмәнім жоқ.

ҚазҰУ – еліміздегі беделі жоғары, талап деңгейі биік оқу орындарының бірі. Жыл сайын бұл университетке түсуге ниетті талапкерлер саны артып келеді. Бірақ мұнда кез келген адам түсе алмайды. Тек білім көрсеткіші жоғары, ойлау қабілеті дамыған, ізденіске бейім жастар ғана студент атана алады. Бұл талаптардың өзі университет түлектерінің кәсіби деңгейінің жоғары болуына әсер етеді. Сондықтан ҚазҰУ дипломы еңбек нарығында ерекше бағаланады.

Заманауи білім беру жүйесінде халықаралық байланыс маңызды рөл атқарады. Осы бағытта ҚазҰУ білім алушыларға түрлі академиялық алмасу бағдарламаларын ұсынады.

Соның арқасында студенттер шетелдік оқу орындарында білімін жетілдіріп, тәжірибе жинақтай алады. Бұл олардың кәсіби көкжиегін кеңейтіп, болашақтағы мүмкіндіктерін арттырады. Университеттің

инфрақұрылымы да студенттердің білім алуына толық жағдай жасайды. Әсіресе, заманауи кітапхана – ізденіс жолындағы маңызды орталық. Мұнда қажетті әдебиеттер мен ғылыми еңбектерді оңай табуға болады. Электронды жүйелер арқылы кітаптарға қол жеткізу ыңғайлы, ал интернет мүмкіндігі әлемдік ғылыми ресурстарды пайдалануға жол ашады.

Сонымен қатар, студенттік өмір де өте белсенді ұйымдастырылған. Түрлі ұйымдар мен бірлестіктер арқылы жастар өз қабілеттерін дамытып, көшбасшылық қасиеттерін шыңдай алады. Мұндай ортада олар тек білім алып қана қоймай, қарым-қатынас орнату, ұйымдастыру секілді маңызды дағдыларды меңгереді.

Бүгінде ҚазҰУ тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азия кеңістігінде танымал білім орталықтарының біріне айналды. Университетте студенттердің ғылыми ізденісіне, жеке дамуына және кәсіби қалыптасуына барлық жағдай қарастырылған. Соның нәтижесінде ол ұлттық рейтингтерде тұрақты түрде алдыңғы орындардан көрініп келеді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
**Д.Күлікбаева, Ф.Белисарова**

## KEY AREAS OF AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY'S ACTIVITIES WITHIN SDG 13: CLIMATE ACTION

Climate change is no longer a distant global issue; it is a present-day reality affecting communities, economies, and ecosystems across the world. Rising temperatures, extreme weather events, water scarcity, and environmental degradation have made climate action one of the most urgent priorities of our time. Sustainable Development Goal 13 calls for immediate and meaningful steps to combat climate change and its impacts. Al-Farabi Kazakh National University actively implements Sustainable Development Goal 13: Climate Action through a comprehensive approach that combines education, research, and practical environmental initiatives. The university integrates climate action into its academic and institutional framework, preparing students to address environmental challenges and support sustainable development.

### Education and Awareness:

KazNU organizes open lectures, including those conducted by graduate students, and incorporates discussions on climate change into academic courses such as the Foreign Language. These educational efforts raise awareness about environmental issues and encourage students to think critically about climate-related challenges.

### Practical Initiatives:

KazNU implements sustainable development principles across campus life. These initiatives include waste recycling, efficient use of natural resources, and the promotion of green technologies. Through these practical measures, the university fosters environmentally responsible behavior among students and staff.

### Academic Integration:

Sustainable Development Goal 13 is integrated into the university's strategic priorities and academic disciplines. This approach ensures that climate action is addressed across various fields of study and encourages interdisciplinary collaboration in tackling climate change impacts. Overall, Al-Farabi Kazakh National University aligns its efforts with the United Nations Sustainable Development Goals, particularly the objectives aimed at combating climate change and its consequences by 2030.

**DZHAMALDINOVA M.T.**

**Senior lecturer of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: mdzhambaldinova@inbox.ru**

**ALMUGAMBETOVA M.S.**

**Senior lecturer of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: cvbnmk@mail.ru**

## ҚАЗҰУ: БІЛІМ мен БАҒЫТ БЕРГЕН ҰСТАЗДАР МЕКТЕБІ

Адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі – мамандық таңдау. Жүрек қалауымен таңдалған жол адамды тек жеке жетістікке ғана емес, қоғамға пайда әкелуге де жетелейді. Осындай таңдаудың артында көбіне бағыт көрсеткен ұстаздардың еңбегі жатады. Бұл тақырыпты қозғау мен үшін тосын емес. Себебі сөз қозғалатын тұлғалар – күн сайын білім мен тәрбие беріп жүрген ұстаздар қауымы. Олардың еңбегі кейде көзге көрінбегенімен, нәтижесі әр студенттің болашағынан байқалады.

Қазіргі уақытта мен ҚазҰУ-де білім алып жатырмын. Осы оқу ордасының табалдырығын аттаған сәттен бастап бізге тек теориялық білім ғана емес, өмірлік тәжірибе мен құндылықтарды үйретіп келе жатқан жандар – оқытушылар. Олар әр студентке жеке көзқараспен қарап, дұрыс бағыт таңдауға ықпал ететін тұлғалар.

Әсіресе, физика-техникалық факультет құрамындағы теориялық және ядролық физика кафедрасы ерекше орын алады. Бұл кафедраның оқытушылары күрделі ғылыми ұғымдарды түсінікті тілмен жеткізіп, әр пәнді терең меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар студенттердің бойында тек білім емес, табандылық пен

жауапкершілік секілді маңызды қасиеттерді қалыптастырады.

Кафедра жұмысы тек дәріс берумен шектелмейді. Мұнда робот техникасы, атом энергетикасы, жалпы салыстырмалық теориясы сияқты ауқымды ғылыми бағыттар бойынша зерттеулер жүргізіледі. Осындай жобаларға айтасуға немесе ғылыми идеяларды дамытуға ұстаздар әрдайым қолдау көрсетеді. Бұл – нағыз ғылыми ортаның айқын белгісі.

Жалпы алғанда, кез келген жетістікке жету жолында ұстаздың сенімі үлкен рөл атқарады. Менің де болашаққа деген көзқарасымның қалыптасуына, мақсаттарымның айқындалуына осы жандардың әсері мол. Сондықтан осындай білімді әрі жанашыр ұстаздардан тәлім алу – мен үшін үлкен мәртебе. Қорытындылай келе, сүйікті ісіңмен айналысып, елге қызмет ету – үлкен жауапкершілік. Ал сол жолға бағыт беретін ұстаздардың болуы – әр студент үшін баға жетпес құндылық.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
**Д.А.Демисенова, Н.А.Бейсен**

## ҚАЗҰУ ЖАСТАРЫ: БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН БУЫН

Қазіргі кезең – үнемі жаңарып, дамуды талап ететін уақыт. Осындай ортада әр адам өз орнын табуға ұмтылады. Әсіресе жастар үшін жеке қабілетін ашу, дұрыс бағыт таңдау – ең маңызды міндеттердің бірі. Туа біткен таланттың болуы жеткіліксіз, оны жетілдіру мен тиімді пайдалану әлдеқайда маңызды.

Бүгінгі таңда кейбір жастар мамандық таңдауда өз қалауын екінші орынға ысырып қояды. Көп жағдайда шешім сыртқы факторларға байланысты қабылданады: ата-ананың пікірі, қоғамдағы сұраныс немесе қаржылық тұрақтылық. Мұндай ұстаным белгілі бір деңгейде түсінікті болғанымен, болашақтың сапасы жастардың саналы таңдауына тікелей байланысты. Себебі елдің ертеңі – қазіргі білім алып жатқан ұрпақтың қолында.

Осы тұрғыдан алғанда, ҚазҰУ студенттері белсенділігімен және жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Университет қабырғасында білім алатын жастар тек оқу үлгерімімен шектелмей, түрлі салаларда өзін көрсетіп келеді. Олар өнерде де, спортта да, қоғамдық жұмыстарда да алдыңғы қатардан көрініп, өз мүмкіндіктерін кеңінен ашуда.

Әсіресе физика-техникалық факультет студенттерінің қарқыны ерекше байқалады. Қазіргі заман талаптарына сай бір ғана бағытпен шектелу жеткіліксіз екенін түсінген жастар

қосымша білім мен дағдыларды игеруге ұмтылуда. Олар ғылыми зерттеулерге қатысып, шығармашылық жобаларды жүзеге асырып, қоғамдық өмірге белсене араласуда.

Студенттердің ғылыми конференциялар мен түрлі деңгейдегі семинарларға қатысуы олардың ізденімпаздығын дәлелдейді. Көпшілігі өз жобаларын қорғап, жүлделі орындарға ие болып жүр. Бұл жетістіктер – жүйелі еңбектің және мақсатқа ұмтылыстың нәтижесі.

Сонымен қатар, факультеттегі ғылыми үйірмелер де үлкен рөл атқарады. Мұнда студенттер бос уақытын тиімді пайдаланып, жаңа идеялар ұсынып, заманауи мәселелерді талқылайды. Мұндай орта олардың кәсіби дамуына ғана емес, тұлғалық қалыптасуына да оң әсерін тигізеді. Жалпы, жастар – мемлекеттің стратегиялық күші, болашақтың кепілі. Бүгінгі білім мен тәжірибе ертең ел дамуына қызмет ететін маңызды ресурсқа айналады. Сондықтан әрбір жас өз мүмкіндігін барынша пайдаланып, биік мақсаттарға ұмтылуы қажет. Сенім нық: білімді, жігерлі, алға ұмтылған жас буын елдің мерейін үстем етіп, жаңа жетістіктерге жол ашады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
**А.Нұртолқун, Д.С.Валиолда**

## КІТАП – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІҢ БАСТАУЫ

Қазіргі қоғамда кітап оқуға деген қызығушылықтың артып келе жатқаны қуантады. Бұл үрдістің кеңеюіне жоғары оқу орындарының да қосып отырған үлесі зор. Соның бір жарқын мысалы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттеріне ұсынған «Оқуға тиісті 100 кітап» жобасы. Бұл бастама жастардың рухани дүниесін байытып, олардың тұлғалық қалыптасуына оң әсер етуді көздейді.

Аталған жоба аясында оқыған шығармалардың бірі мені терең ойға жетеледі. Жалпы, қазіргі қоғамда патриоттық сезім әр адамда әртүрлі деңгейде көрініс табады. Біреулерде ол айқын байқалса, енді біреулерде әлсіз болуы мүмкін. Ал мұндай әдеби туындылар ұлттық рухты оятып, туған жерге деген сүйіспеншілікті күшейтетіні сөзсіз.

Шығарманы оқу барысында шүкіршілік ету, елдің қадірін түсіну, Отанға адал қызмет ету секілді құндылықтардың маңызы айқын сезіледі. Атымтайдың адал болмысы мен шынайы отансүйгіштігі, Заманайдың әкеге деген сағынышы, Аманайдың ерлікке ұмтылған мінезі оқырманға терең әсер қалдырады. Әсіресе, Атымтай бейнесі нағыз азаматтың үлгісін көрсетеді. Оның батылдығы, табандылығы және еліне деген адалдығы – әрбір жасқа ой салатын қасиеттер.

Балқия образы да ерекше назар аударады. Ол табиғатынан қабілетті әрі қайсар болғанымен, мінезіндегі қателіктердің салдарынан өмір жолында қиындықтарға тап болады. Гүлбаршамен бірге

білім алғанымен, дұрыс шешім қабылдай алмауы оның тағдырына әсер етеді. Ал Гүлбарша керісінше, сабырлық пен табандылықтың арқасында өз мақсатына жетіп, бақытты өмір құрады. Бұл екі кейіпкердің тағдыры адам өміріндегі дұрыс таңдау жасаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Балқияның кеш қалған өкініші мен бақытты дер кезінде бағаламауы – оқырман үшін үлкен сабақ. Ал шығарма соңындағы Аманайдың тауға ойлана қараған сәті оқиғаны ашық аяқтайды. Оның болашағы нақты көрсетілмегендіктен, әр оқырман өз қиялына сүйеніп жалғастыра алады. Менің ойымда Аманай туған еліне оралып, әке жолын жалғастырған елжанды азаматқа айналады. Ол анасын құрметтеп, берекелі отбасы құрып, өз халқына адал қызмет ететін тұлға болады деп елестетемін.

Turan universitetiniñ Halıqaralыq qatynastar jәne diplomatiya joғary mektebi студенттерге академиялық білім берумен қатар, тәжірибе жинау және жанандық көзқарас қалыптастыру мүмкіндігін де ұсынады. TүrkçeFest сияқты мәдени және тілдік фестивальдер студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіріп, әртүрлі мәдениеттермен өзара әрекет жасау қабілеттерін дамытады.

Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінде жүргізілетін білім беру бағдарламалары мен тәжірибелік іс-шаралар халықаралық қатынастар саласындағы студенттердің кәсіби және академиялық дамуына маңызды үлес қосады.

Turan universitetiniñ Halıqaralыq qatynastar jәne diplomatiya joғary mektebi оқытушылары  
M.O. Komekova, сениор лектор, PhD (Түркия)  
A.E. Қоғамбаева, сениор лектор

## АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ ТҮРІК ТІЛІ ПӘНІ КАБИНЕТІНЕ ҚАРАМАНОҒЛЫ МЕХМЕТ БЕЙ (KARAMANOĞLU MEHMET BEY) ЕСІМІ БЕРІЛДІ

07.04.2026. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің №10 ғимаратында түрік тілі пәніне арнайы жабдықталған сыныптың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Маңызды іс-шараға Түркия Республикасының Алматыдағы Бас Консулы Туба Алан Өзденфедекар (Tuğba Alan Özdenfedakar) ханым, Консулдық жанындағы Түрік Білім беру аттәшесінің басшысы Шүкүр Көсе (Şükür Köse) мырза, Абай университетінің Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Айгүл Төлеутайқызы Искакова, Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Баян Оралханқызы Сапарғалиева, Әлем тілдері факультетінің деканы Еділбай Оспанов, Шығыс филологиясы және аударма кафедрасының меңгерушісі Күлсін Абдрахманова, профессор А.К.Жұмабекова, түрік тілі пәні оқытушылары Е.З.Есбосынов, А.Абуова, Г.Сатбай, Д.Ашимова, Н.Қоспағанбетова және педагогикалық іссапардағы ерікті оқытушы PhD Женнет Алтундаш (Dr. Cennet Altundaş) ханым қатысты.

Алматы Түрік Консулы Туба Алан Өзденфедекар ханым құттықтау сөзінде сыныпқа түрік халқының тарихи тұлғасы, мемлекеттік қайраткері Қараманоғлы Мехмет Бей (Karamanoğlu Mehmet Bey) есімі берілгендігін атап өтті. Алматы Түрік Консулдық жанындағы Білім беру Аттәшесі басшысы Шүкүр Көсе мырза түрік тілі пәні сыныбының Түрік Алматы Консулдық жанындағы Түрік Білім беру аттәшесі және Абай университеті Әлем тілдері факультеті әкімшілігінің ортақтаса тиянақтаған ісі екендігіне назар аударды. Проректор Айгүл Төлеутайқызы Искакова құттықтау сөзінде кафедра әкімшілігі мен түрік тілі пәні оқытушыларына алғыс айтты. Факультет деканы Еділбай Төлебайұлы Оспанов құттықтау сөзінде түрік тілінің педагогикалық бағыттағы оқытылуының маңыздылығына назар аударды. Бұл тұрғыда түрік тілі пәні оқытушыларының факультетті интернационалдандыруда белсенділігін атап өтті.

Спикерлер халықаралық қатынастар контекстінде Түркия мен Қазақстанның аса ірі серіктес екендігін, екі ел арасындағы гуманитарлық қарым-қатынастардың жүйелі түрде дамып келе жатқандығын, мұндай ынтымақтастық әсіресе ЖОО арасындағы түрлі нысан мен бағыттағы келісім-шарттарда көрінгенін атап өтті. Абай университеті мен Түркия ЖОО академиялық ұтқырлық бағдарламасымен қоса, оқытушы-профессор құрамымен тәжірибе алмасу, халықаралық деңгейдегі конференция мен семинарлар ұйымдастыру сияқты маңызды іс-шараларда көрініс табатындығына назар аударды.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін кафедра меңгерушісі ф.ғ.к. Күлсін Халықызы Абдрахманова Түркия Республикасының Алматыдағы Бас Консулы Туба Алан Өзденфедекар ханымға және Консулдық жанындағы Түрік Білім беру аттәшесінің басшысы Шүкүр Көсе мырзаға Алғыс Хат табыс етті.



Салтанатты жиын соңында шағын фуршет ұйымдастырылып, 6B01718 Шығыс және ағылшын тілдерінің мұғалімі мамандығының 3-ші курс студенттерінің концерттік бағдарламасымен жалғасты. Студенттер қазақ және түрік ұлттық киімін киіп түрік және қазақ тілінде өлең айтып, мәнерлеп тақпақ оқыды. Түрік дастархан мәзірін Ахметова Маржан, Сейдильда Айшолпан мен Торқыс Ақбота дайындады. Шерзод Қалдаров, Карлова Жібек, Есқали Қамарсулу, Болат Лағыл, Жақсыбай Балнұр ән айтып өнер көрсетті. Салтанатты іс-шара 6B01718 Шығыс және ағылшын тілдерінің мұғалімі мамандығының 301-ші тобынан құралған хордың орындауында «Өмір – Мейрам» әнімен аяқталды.

Магистр Меруерт Тәстемір  
PhD Женнет Алтундаш (Dr. Cennet Altundaş)  
Қауымдастырылған профессор Ерғали Есбосын



## ҰСТАЗ – БИІКТІККЕ БАСТАЙТЫН ШАМШЫРАҚ

Адамның тұлға болып қалыптасуына әсер ететін негізгі күштердің бірі – білім беру үдерісі және сол жолдағы ұстаз еңбегі. Өйткені әрбір жаңа ұғымды үйретіп, ғылым мен өмірдің қыр-сырын танытатын, шәкірттің бағыт-бағдарын айқындайтын тұлға – ұстаз. Сондықтан білім жолындағы жетістік көбіне ұстаздың білімі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Қазіргі таңда мен еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында білім алып жүрмін. Университетке алғаш қадам басқан кезден бастап бізге бар білгенін үйретіп, қолдау көрсетіп келе жатқан жандар – оқытушылар қауымы. Олар тек академиялық білім берумен шектелмей, өмірге деген көзқарасымызды қалыптастырып, болашаққа нық сеніммен қарауға бағыт береді. Осындай ұстаздардың еңбегі әр студенттің жүрегінде ерекше орын алады.

Әсіресе ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетіне қарасты теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушылары біз үшін айрықша құрметке ие. Әр оқу семестрінде олар түрлі күрделі пәндерден дәріс оқып, ғылымның терең әлеміне жетелейді. Бұл ұстаздардан біз тек білім ғана емес, адамгершілік қасиеттер мен өмірлік тәжірибе де аламыз.

Осы орайда ұстаздарға деген алғысымды мына өлең жолдарымен жеткізім келеді:

Ұстазым – жарық шамы түн ішіндегі,  
Білімнің бастауындай үні сенің,  
Шаршатпай үйреттіңіз әрбір істі,  
Аштыңыз өмірдің күн кештерін.

Аталған кафедраның ерекшелігі – тек оқу процесімен шектелмей, ғылыми ізденістермен де белсенді айналысуы. Робототехника, «Атом» жобасы, жалпы салыстырмалық теориясы сияқты күрделі бағыттар бойынша зерттеулер жүргізіледі. Мұндай ортада білім алып жүрген студенттер кез келген уақытта ұстаздарынан кеңес алып, ғылыми сұрақтарына жауап таба алады.

Ұстаздардың қолдауы мен бағыт-бағдары бізді мақсатымызға жақындатып, сенімді түрде алға жетелеп келеді. Уақыт өте келе өткен жолға көз жүгірткенде, осындай білікті әрі жанашыр ұстаздардың кездесуі – үлкен мүмкіндік екенін түсінесің. Сол себепті ҚазҰУ-дегі білім мен ұстаздардан үйрену мен үшін үлкен мақтаншы әрі маңызды өмірлік тәжірибе болып қала береді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
**М.Н.Мурсалимов, С.Жаугашева**

## ЗИЯТКЕР ҰРПАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ОРТА

«Бұл – ҚазҰУ. Армандар мекені. Мұнда оқитын жастардың мақсаты айқын, талпынысы биік сияқты. Сапалы білім беретін ерекше орта. Арманы асқақ, ізденісі көп студенттер. Бәрі бір үлкен жүйеге бірігіп тұрғандай әсер қалдырады.»

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – еліміздегі ең беделді, тарихи терең, ғылыми әлеуеті жоғары оқу орындарының бірі. Бұл деңгейге университет бір сәтте жеткен жоқ. Оның қалыптасуы мен дамуы жылдар бойғы еңбектің, ғылымға деген адалдықтың және білімге құштар жастардың нәтижесі. Сондықтан бұл оқу орны Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының қатарында лайықты орын алады.

Университет атауының өзі студент үшін ерекше сезім тудырады. «Мен осы жерде білім алып жүрмін» деген ойдың өзі мақтаншыға айналады. Мұнда әр студент өз қабілетін дамытуға, жаңа мүмкіндіктерді игеруге кең жол табады. Ғылыми жобалар, шығармашылық байқаулар, студенттік ұйымдар – барлығы жастардың жан-жақты дамуына бағытталған үлкен алаң.

ҚазҰУ-ды жиі «университет қалашығы» деп атайды. Бұл атау толықтай орынды. Себебі мұнда оқу корпусы, жатақханалар, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, демалыс аймақтары мен жасыл кеңістіктер бір ортада орналасқан. Бұл

университетті шағын, бірақ толыққанды өмір сүретін ерекше ортаға айналдырады. Сонымен қатар, ҚазҰУ-дың әлемдік рейтингтерде жоғары нәтижелер көрсетіп, үздік 200 университет қатарына енуі – оның ғылыми беделін айқын дәлелдейді.

Университеттің рухани негіздерінің бірі – ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы. Оның 1150 жылдығы ғылым мен білімге деген құрметтің символы болды. Әл-Фараби – адамзат ойының дамуына үлкен үлес қосқан ғұлама, философ. Оның еңбектері бүгінгі күнге дейін жас ұрпаққа бағыт беретін құнды рухани қазына болып қала береді.

Осындай орта туралы әсерімді жаңа өлеңмен жеткізсем:

Күн сайын жаңа қадам басталады,  
Арманым білімменен асқақтады.  
Осындай ортаменен бірге өсіп,  
Жүреkte үміт оты жанданады.

Білім мен ізденіс, достық пен сенім қатар өрбіген бұл орта – шын мәнінде арман мен болашақ тоғысқан ерекше кеңістік.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
**Артықбай Ернар Бекболатұлы,**  
**Пеньков Федор Михайлович**

## ФИЗИКАДАҒЫ ТЕРЕҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР МЕН РЕЛЯТИВИСТІК БАҒЫТТАР

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінде теориялық және ядролық физика кафедрасы жұмыс істейді. Бұл кафедра ядролық физика, релятивистік астрофизика және салыстырмалы теория сияқты физиканың іргелі бағыттарын терең зерттеуге бағытталған ғылыми-оқу орталығы болып табылады.

Кафедрадағы магистратура және PhD деңгейіндегі білім беру бағдарламалары кең ауқымды теориялық пәндерді қамтиды. Олардың қатарында:

- Жоғары энергиялар физикасы
- Элементар бөлшектер теориясы
- Релятивистік астрофизика және космология
- Элементар бөлшектер теориясындағы симметриялар
- Кванттық хромодинамикаға кіріспе

Бұл пәндер студенттерге тек теориялық білім беріп қана қоймай, күрделі физикалық жүйелерді талдау дағдыларын қалыптастырады және ғылыми зерттеу жүргізуге жол ашады. Кафедрада заманауи зертханалар мен ғылыми жобалар жүйелі түрде дамып келеді. Студенттер теориялық білімін практикалық есептермен ұштастырып, ғылыми зерттеулерге белсенді қатысады. Сонымен қатар халықаралық ғылыми ортаға араласуға, жарияланымдар жасауға және тәжірибе жинауға мүмкіндік беріледі.

Қазіргі таңда менің дипломдық жұмысым гео-

метротермодинамика аясында релятивистік объектілердің термодинамикалық қасиеттерін зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеу жетекшімен бірлесіп жүргізілуде. Жұмыс барысында термодинамикалық тепе-теңдікті сипаттауда геометриялық формализм қолданылып, релятивистік жүйелердің физикалық қасиеттерімен байланысы қарастырылады. Бұл бағыт салыстырмалы теория мен термодинамиканы біріктіретін маңызды ғылыми сала болып саналады.

Геометротермодинамика – қазіргі теориялық физиканың қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі. Ол термодинамикалық жүйелердің қасиеттерін геометриялық тұрғыдан сипаттап, олардың ішкі заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер физикалық процестерді жаңа қырынан талдауға жол ашады.

Қорытындылай айтқанда, ҚазҰУ-дағы теориялық және ядролық физика кафедрасы – іргелі ғылыми зерттеулер мен заманауи білім беруді ұштастырған орталық. Мұнда студенттер мен жетекшілер бірлесіп отырып, физиканың күрделі мәселелерін зерттеп, ғылымның жаңа бағыттарының дамуына үлес қосып келеді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:**  
**Жанысбек Арсен, Ф.М.Пеньков**

## ҒЫЛЫМ мен ИННОВАЦИЯНЫҢ ДАМУ БАҒЫТЫ

Қазіргі заман ғылымы жаңа технологиялар мен терең теориялық ізденістерді қажет етеді. Осындай талаптарға сай ғылыми әлеуетті дамытып отырған маңызды білім ордаларының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық бағыттағы зерттеу орталықтары. Соның ішінде теориялық және ядролық физика саласы ерекше орын алады. Бұл бағыт тек білім берумен шектелмей, елдің ғылыми даму деңгейін көтеруге және халықаралық ғылыми байланыстарды нығайтуға үлес қосып келеді.

Теориялық және ядролық физикаға бағытталған ғылыми құрылым 2011 жылы бірнеше кафедраның бірігуі нәтижесінде қалыптасты. Яғни теориялық физика, ядролық физика және ядролық энергетика салалары бір орталыққа біріктіріліп, кешенді ғылыми бағыт ретінде дамыды. Бұл құрылым элементар бөлшектер физикасы мен ядролық процестерді терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ҚазҰУ физика саласында халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп келеді. Университет әлемнің 400-ден астам жоғары оқу орындарымен ғылыми және академиялық байланыс орнатқан. Бұл әріптестік студенттер мен оқытушылардың алмасуына, бірлескен зерттеу жобаларына және ғылыми тәжірибе алмасуға жол ашады.

Халықаралық байланыстардың нақты бағыттарының бірі – CERN секілді ірі ғылыми орталықтармен ынтымақтастық. 2019 жылдан бастап ҚазҰУ бұл ұйыммен фундаменталды және ядролық зерттеулер бойынша өзара әрекеттесу туралы келісім аясында жұмыс істеп келеді. Осы байланыс негізінде жоғары энергия физикасына арналған жазғы мектептер, семинарлар және ғылыми кездесулер ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, Женевадағы Біріккен ядролық зерттеулер институты (JINR) және басқа да әлемдік ғылыми орталықтармен байланыс тұрақты түрде дамып келеді. ҚазҰУ-дың физика бағыты бойынша мамандар даярлау тәжірибесі 60 жылдан аса уақытты қамтиды. Оның түлектері CERN, JINR, RIKEN сияқты беделді ғылыми орталықтарда және Еуропа мен Америка елдерінің жетекші университеттері мен зертханаларында қызмет етуде.

Университет қабырғасында өткізілетін халықаралық ғылыми форумдар мен конференциялар да ғылымның дамуына серпін береді. Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми жарыстар мен жобалар студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіруге және заманауи технологияларды меңгеруіне мүмкіндік жасайды.

Бұл бағыттағы білім беру бағдарламалары теориялық физиканың терең негіздерінен бастап, ядролық энергетика мен қолданбалы технологияларға дейінгі кең ауқымды қамтиды. Студенттер ғылыми зерттеу жүргізуді, күрделі физикалық процестерді талдауды және халықаралық стандарттарға сай тәжірибелік жұмыстар атқаруды меңгереді.

Қорытындылай айтқанда, ҚазҰУ-дағы физика бағыты тек білім беру орталығы ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейдегі ғылыми зерттеулер жүргізетін маңызды алаң болып табылады. Бұл орта студенттерге үлкен ғылым әлеміне жол ашып, елдің ғылыми болашағын қалыптастыруға ықпал етеді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
**Жиенбаев Ибадулла,**  
**Буркова Наталья Александровна**

## ҒЫЛЫМ мен ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ КЕҢІСТІГІ

Қазіргі ғылым мен техника жоғары деңгейдегі дәлдікті, көпқырлы зерттеулерді және пәнаралық тәсілді талап етеді. Осы тұрғыда Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті физика-техникалық факультеті арқылы білім мен ғылымды ұштастырған кең мүмкіндіктер ұсынады. Бұл факультет теориялық және ядролық физика, қолданбалы физика, оптика мен фотоника, кванттық технологиялар және жоғары энергиялы физика сияқты бағыттар бойынша мамандар даярлайды.

Оқу процесі тек дәріс алумен шектелмей, заманауи зертханаларда тәжірибелік жұмыстар жүргізуге, күрделі физикалық құбылыстарды теориялық тұрғыдан талдауға және ғылыми жобаларға қатысуға негізделген. Мұндай тәсіл студенттердің зерттеушілік қабілетін ерте кезеңнен дамытуға мүмкіндік береді.

Факультеттің басты ерекшеліктерінің бірі – теориялық білім мен практикалық тәжірибенің тығыз байланысы. Оқытушылар студенттерді тек пән мазмұнымен таныстырып қана қоймай, оларды ғылыми ізденіс процесіне тартып, нақты зерттеу жұмыстарына бағыттайды. Соның нәтижесінде студенттер релятивистік және кванттық жүйелерді талдау, статистикалық физика, жоғары энергиялы бөлшектер физикасы және ядролық технологиялар салаларында тәжірибе жинақтайды.

ҚазҰУ физика-техникалық факультеті халықаралық ғылыми байланыстарды дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Студенттер мен оқытушылар Еуропа, Азия, АҚШ және Жапониядағы жетекші университеттермен және ғылыми орталықтармен бірлескен зерттеулер жүргізеді. Атап айтқанда, CERN және JINR сияқты беделді ғылыми ұйымдармен серіктестік студенттерге әлемдік деңгейдегі зерттеулерге қатысуға, тәжірибе алмасуға және ғылыми жарияланымдарға үлес қосуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар факультет студенттік ғылыми өмірді белсенді дамытуға жағдай жасайды. Түрлі ғылыми клубтар, жобалық байқаулар, хакатондар мен зерттеу конкурстары студенттердің шығармашылық ойлауын, топтық жұмыс дағдыларын және көшбасшылық қабілетін жетілдіреді.

Осылайша, физика-техникалық факультет студенттерді тек теориялық біліммен қаруландырып қана қоймай, оларды заманауи ғылыми ортада жұмыс істей алатын бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптастырады.

Қорытындылай айтқанда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті – ғылым мен білім тоғысқан заманауи орталық. Мұнда студенттер ғылыми зерттеулер арқылы тәжірибе жинақтап, кәсіби дамуын жетілдіреді және елдің ғылыми әлеуетінің өсуіне өз үлесін қосады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы**  
**Сатпаев Максат Маратович,**  
**Зазулин Денис Михайлович**

## ТЕОРИЯ мен ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Қазіргі ғылым мен техника терең теориялық негізді және күрделі зерттеу әдістерін талап етеді. Осы бағытта Қазақстандағы жетекші білім ордаларының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (ҚазҰУ) теориялық және ядролық физика кафедрасы арқылы студенттерге ғылыми ізденіске жол ашады. Бұл кафедра теориялық физика, релятивистік жүйелер, кванттық механика, статистикалық және термодинамикалық физика, элементар бөлшектер теориясы және қолданбалы ядролық технологиялар сияқты маңызды салаларды қамтиды.

Кафедраның басты ерекшелігі – білімді тек теория деңгейінде қалдырмай, оны нақты ғылыми зерттеулермен ұштастыру. Оқытушылар студенттерге дәріс берумен қатар, оларды зерттеу жұмыстарына тартып, тәжірибелік тапсырмалар орындауға және ғылыми мақалалар дайындауға бағыттайды. Мұндай орта студенттің ойлау қабілетін дамытып, өз бағытын нақтылауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар студенттер жетекшілермен бірлесе отырып, жеке ғылыми тақырыптармен жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Бұл олардың зерттеу дағдыларын жетілдіріп, күрделі физикалық құбылыстарды терең түсінуіне жол ашады.

Кафедра халықаралық ғылыми байланыстарға да ерекше мән береді. Студенттер мен оқытушылар Еуропа, Азия, АҚШ және Жапониядағы жетекші университеттермен және ғылыми орталықтармен бірлескен жобаларға қатысады. Атап айтқанда, CERN және JINR сияқты әлемдік деңгейдегі ғылыми ұйымдармен байланыс студенттерге іргелі зерттеулерге араласуға, тәжірибе жинауға және халықаралық ғылыми ортада өз орнын табуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге кафедра студенттері ғылыми конференциялар, семинарлар, хакатондар мен түрлі зерттеу жарыстарына қатысып, өз қабілеттерін жан-жақты дамытады.

Бұл олардың тек теориялық білімін емес, шығармашылық және көшбасшылық қасиеттерін де қалыптастырады.

Қорытындылай айтқанда, ҚазҰУ-дың теориялық және ядролық физика кафедрасы – ғылымға бастайтын маңызды орта. Мұнда студенттер теория мен практиканы ұштастыра отырып, ғылыми зерттеулер жүргізеді, халықаралық тәжірибе жинайды және еліміздің ғылыми дамуына өз үлесін қосатын маман болып қалыптасады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
теориялық және ядролық физика кафедрасы  
Исатаев Бекзат Болатович, Зазулин Денис Михайлович**

## ҚАЗҰУ-ДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚ: ФИЗИКА ӘДІСТЕМЕСІНЕ АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ЗЕРТТЕУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті базасында физика білім беру саласы үшін маңызды ғылыми оқиға орын алды. Университеттің «8D01501 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында ізденуші Сағатбек Амангүл «Физика пәнінің “Механика” бөлімінде проблемалық оқыту технологиясын қолдану ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғады. Бұл зерттеу қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – оқытудың тиімді әдістерін жетілдіру бағытында тың ғылыми нәтижелер ұсынуымен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыс университеттің плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасында орындалған. Жұмыстың мақсаты: Физика пәнінен оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруда туындайтын мәселелерді анықтау. Зерттеу барысында автор механика бөлімін оқытуда проблемалық оқыту технологиясының мүмкіндіктерін жан-жақты талдап, оны білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға және физикалық заңдылықтарды терең түсінуіне ықпал ететін құрал ретінде қарастырған. Әсіресе, теория мен практиканы ұштастыру, студенттердің белсенді танымдық әрекетін арттыру мәселелері ерекше назарға алынған.

Ғылыми кеңес құрамында отандық және шетелдік беделді ғалымдар болды. Олардың қатарында Гита Ревалде сияқты халықаралық деңгейдегі мамандардың болуы диссертацияның ғылыми маңыздылығын айқындай түсті. Сонымен қатар, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде Қазақстан мен Түркияның жетекші жоғары оқу орындарының өкілдері – тәжірибелі ғалымдар мен білім беру саласының мамандары қатысты.

Қорғау 2026 жылдың 3 сәуірінде аралас форматта (онлайн және офлайн) өтті <https://www.youtube.com/live/Tggj0uHVV2s>. Бұл ғылыми кеңес әл-Фараби атындағы ҚазҰУ диссертациялық кеңесі аясында ұйымдастырылып, физика және техникалық бағыттағы бірнеше білім беру бағдарламаларын қамтыды. Ерекше атап өтерлігі, бұл қорғау физика пәнін оқыту әдістемесі бағыты бойынша алғаш рет өткізіліп отыр. Бұл жағдай еліміздегі педагогикалық және ғылыми зерттеулердің жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетеді.

Сағатбек Амангүлдің зерттеуі тек теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық маңызы жағынан да құнды. Проблемалық оқыту технологиясын арқылы оқушылар мен студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға, енгізу олардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бар екені дәлелденді. Бұл тәсіл қазіргі заманғы білім беру талаптарына толық сәйкес келеді және болашақ физика мұғалімдерін даярлауда тиімді құрал ретінде ұсынылады.

Сағатбек Амангүлдің еңбегі физика пәніне деген қызығушылықты оятып қана қоймай, болашақ инженерлер мен ғалымдарды даярлаудың сапалық жаңа деңгейіне жол ашады деп күтілуде.

**Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасының ассистент-профессорлары, ф.-м.ғ.к.,  
Г.Л.Габдуллина, А.У.Амренова**

## СТУДЕНТТІК ШАҚ – ДОСТЫҚ пен ЕРКІНДІКТІҢ БАСТАУЫ

Өмір – қуаныш пен сынақ қатар өрілетін күрделі жол. Әр адам бұл жолда өз бақыты мен байлығын әртүрлі нәрседен іздейді: біреулер оны материалдық дүниеден тапса, енді біреулер үшін ең қымбат қазына – адал достық. Себебі шынайы дос – өміріңнің мәнін арттырып, қуанышыңа ортақтасатын жан. Осындай достықтың тамыры тереңге жайылатын кезеңдердің бірі – студенттік шақ.

Бұл уақытты бағалай білген жан үшін студенттік өмір – қайталанбас сәттерге толы ерекше кезең. Мектептен жаңа шыққан, пәк көңіл мен үлкен үмітке толы жастар дәл осы уақытта бір-бірімен танысып, жаңа ортаға бейімделе бастайды. Арман қуған талапкерлер Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті секілді білім ордаларына келіп, үлкен өмірге алғашқы қадамдарын жасайды. Көп жағдайда ата-аналары оларды жатақханаға немесе пәтерге орналастырып, алаңсыз көңілмен елдеріне қайтады. Осы сәттен бастап жастар үшін еркіндік әлемі есігін айқара ашады.

Әсіресе жатақханадағы өмір – бұрын ата-анасының жанынан ұзап көрмеген жастарға алғашында ерекше әсер қалдырады. Бәрі жаңа, бәрі

қызық көрінеді. Университеттің студенттер үйлері де алғаш келгенде зәулім сарайдай сезіледі. Ал алғашқы курста әр дәрісхана мен кітапхана студенттердің ең сүйікті орындарына айналады.

Таңсәріден оянып, топтастармен бірге сабаққа асығу, әр корпусқа тарау – студенттік күндердің ажырамас бөлігі. Дәлізде таныс жүзді кездестірсең, жақыныңды көргендей қуанып қаласың. Сабақтан кейін асханаға барып, стипендияның біраз бөлігін жұмсап, кейін кітапханаға барып сабаққа дайындалу – күнделікті дағдыға айналады.

Дегенмен студенттік өмір тек оқу ғана емес. Бұл – жаңа достармен серуендеп, жастықтың жарқын сәттерін бірге бөлісетін кезең. Күлкі мен қызыққа толы күндер есте мәңгі сақталады. Уақыт өте келе жоғары курсқа да жетесің, бірақ сол еркіндіктің де өз шегі бар екенін түсіну маңызды. Әр қадамды ойлап басып, сабыр мен ақылға жүгіну – нағыз ересек өмірге бастар жол.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы  
Майқанов Бұлан, Қуаныш Назаров**

## АРМАҢНАН АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

Адам өмірі әр кезеңінде түрлі мақсат пен арманға толы. Балалық шақта көңілге ұялаған сол армандардың бірі – Алматы қаласына келіп, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алу еді. Уақыт өте келе қиялға айналған бұл мақсат орындалып, бүгінде сол білім ордасының студенті атандық.

Университет табалдырығын аттаған әрбір жас үшін жаңа өмір басталады. Жаңа орта, жаңа таныстықтар мен жаңа достар – бәрі де осы кезеңнің ажырамас бөлігі. Осындай

беделді оқу орнының студенті болу – екінің біріне бұйыра бермейтін мүмкіндік. Ұлы ойшыл Әл-Фараби айтқандай, бақытқа жеткізетін әрекет – еркін әрі саналы қадамдар. Ал сол қадамдардың ең маңыздысы – білімге ұмтылу.

Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретінде танылып отыр. Ол халықаралық білім кеңістігінде өз орнын қалыптастырып, әлемдік рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген. Сонымен қатар, еліміздегі білім мен ғылымның көшбасшысы ретінде ерекше мәртебеге ие.

Университет қабырғасында тәжірибелі, білікті мамандар қызмет етеді. Студенттерге дәріс

беретін оқытушылар қатарында ғылым докторлары, кандидаттар мен доценттер бар. Олар – қазақ ғылымы мен әдебиетінің көрнекті тұлғаларынан тәлім алған, мол тәжірибесі бар ұстаздар.

Бұл оқу орнында 180-нен астам мамандық бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары ұсынылады. Университет құрамында 14 факультет жұмыс істейді. Әрбір студентке жан-жақты дамуға, көшбасшылық қабілетін жетілдіруге және заманауи білім алуға барлық жағдай жасалған. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану – әркімнің өз жауапкершілігінде.

Бұл айтылғандар асыра мақтау емес, шынайы әсер мен ризашылықтың көрінісі. Университетте алған біліміміз болашақта өз орнымызды табуға, үлкен жетістіктерге жетуге негіз болатынына сенім мол. Мағжан Жұмабаевтың жастарға арнаған сенімі бекер емес. Себебі қайсар, жігерлі, білімді жастар тәрбиеленетін орда – осы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы  
Тагаев Бекжан, Жәми Бақытжан**

## ҚАЗҰУ – БІЛІМ мен МҮМКІНДІКТІҢ АЛТЫН МЕКЕНІ

Қазіргі әлемдегі күрделі жағдайларға көз жүгіртсек, біз бейбіт әрі тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымызды анық сезінеміз. Алдымызда ашық мүмкіндіктер мен биік армандар бар. Сол армандардың жүзеге асуына жол ашатын қасиетті ордалардың бірі – қара шаңырақ саналатын Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Аталған оқу орны 1934 жылы негізі қаланып, 1991 жылдан бастап ұлы ойшылдың есімімен атала бастады. Содан бері университет еліміздің тәуелсіздік кезеңімен бірге дамып, үнемі жаңғыру үстінде келеді. Ғасырға жуық тарихы бар бұл білім ордасы бүгінде халықаралық білім кеңістігінде өзіндік орны бар жетекші университеттердің қатарына енген.

ҚазҰУ тарихы – ел тарихымен сабақтас. Ол әр кезеңнің маңызды оқиғаларымен қатар өріліп, жастардың білім мен ғылымға ұмтылған орталығына айналды. Университетті тек оқу орны емес, тұтас бір жастар қалашығы деп атауға толық негіз бар.

Қалашық аумағы кең әрі заманауи талаптарға сай жабдықталған. Оның дәл ортасында орналасқан Әл-Фараби кітапханасы – студенттердің ең көп жиналатын орны. Мұнда екі миллионнан

астам кітап қоры сақталған және барлық жүйе цифрлық форматта жұмыс істейді. Кітапханадан қажетті кез келген еңбекті табуға болады. Сонымен қатар, оның ішінде компьютерлік аймақтар мен шағын музейлер де бар. Бұл кітапхана ТМД елдері арасындағы ең ірі әрі заманауи білім орталықтарының бірі саналады.

Университет қалашығының табиғаты да ерекше әсер қалдырады. Орталықтағы Әл-Фараби ескерткіші маңынан өткенде, алыстан асқақтаған Іле Алатауы көз тартады. Бұл көрініс студенттерге ерекше шабыт сыйлайды.

Сонымен қатар, қалашық аумағында Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы орналасқан. Мұнда университеттің белсенді, өнерлі жастары жиналып, түрлі мәдени іс-шаралар мен шығармашылық кештер өткізеді.

Қорыта айтқанда, ҚазҰУ – тек білім беретін орын ғана емес, жан-жақты дамуға мүмкіндік беретін үлкен орта. Мұнда әрбір жас өз қабілетін ашып, болашағына нық қадам жасай алады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы  
Мақсотова Алтынай, Ә.Б.Икрамов**

# МҮМКІНДІК – ОЙДАН БАСТАЛАТЫН ЖОЛ

Мүмкіндік туралы сөз қозғалғанда, көпшілік алдымен қиындықты еске алады. Алайда шын мәнінде, адамның бағыты мен жетістігі ең алдымен оның ойынан бастау алады. Сондықтан қай ортада жүрсек те, жақсы ой қалыптастырып, айналадан игілік іздей білу маңызды.

Өз қалауымен бірге жүретін жан дос болса, өмірдің түрлі сынақтарын жеңіл өткеруге болады. Қолдауы бар орта – адамның дамуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі. Жақын адамдардың көп болуы да – үлкен мүмкіндік. Себебі әр адамның өмірінде сенім артатын, тірек болатын өз «Ай-досы» болғаны дұрыс.

Мен қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қара шаңырағында білім алып жүрмін. Мұнда келген күннен бастап бізге бар білгенін аямай үйретіп келе жатқан – ұстаздар қауымы. Олар тек білім беріп қана қоймай, өмірлік ұстаным мен тәрбие де сіңіріп келеді.

Әсіресе университеттің физика-техникалық факультеті, соның ішінде теориялық және ядролық физика кафедрасының оқытушылары біз үшін ерекше орын алады. Әр семестр сайын осы кафедрадан дәріс алып, жаңа білімге қадам басамыз. Бұл ұстаздардан тек ғылыми ақпарат емес, адамгершілік, жауапкершілік және табандылық секілді қасиеттерді де үйренеміз.

Университет қабырғасында жүрген әр студенттің арманына жету жолы – осы ұстаздардың қолдауымен қалыптасады. Сондықтан осындай білім ордасында оқып жүргенімді мен үлкен мүмкіндік әрі үлкен бақыт деп білемін. Уақыт өте келе дәл осы сәттерді мақтанышпен еске аларыма сенемін.

Бүгінде ҚазҰУ тек Қазақстандағы емес, бүкіл Орталық Азиядағы жетекші халықаралық білім ордаларының бірі болып отыр. Ғылым мен білім саласында өз бағытын ай-

қындаған университет ретінде дамуын жалғастыруда. Мұнда студенттердің ойлау қабілетін дамытуға, ғылыми ізденіспен айналысуға және өзін жан-жақты жетілдіруге толық жағдай жасалған.

Сондықтан да жыл сайын жүргізілетін ұлттық жоғары оқу орындары рейтингінде ҚазҰУ-дың бірінші орынды иеленуі заңдылық. Бұл оның білім мен ғылым саласындағы жетекші рөлін айқын көрсетеді.

Қорытындысында, мүмкіндік – сырттан келетін құбылыс емес, ол адамның өз ойы мен көзқарасынан басталады. Сол мүмкіндікті дұрыс пайдалану – әр студенттің өз қолында.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы  
Алпысбай Қалаулы, Бексолтанова Ботагөз**

## БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТІРЕГІ

XXI ғасыр – білім мен бәсекеге қабілеттіліктің дәуірі. Қазіргі заманда әр адам өзін үнемі дамытып, жаңа дағдыларды меңгеріп, өзгерістерге бейімделу арқылы ғана алға ілгерілей алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ел дамуының негізгі қозғаушы күші – білім, технология және жоғары еңбек өнімділігі. Осы ұстаным негізінде естеріңізде болса, 2022 жылдың «Балалар жылы» деп жариялануы да болашақ ұрпаққа деген ерекше қамқорлықтың белгісі.

Балалар – ел ертеңінің негізі. Сондықтан оларды қорғау, сапалы біліммен қамту, денсаулығын сақтау және әлеуметтік жағдайын жақсарту – мемлекет алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Білімді әрі тәрбиелі ұрпақ қалыптастыру – жарқын болашақтың кепілі екені жиі айтылады және бұл сөздің астарында үлкен мән жатыр.

Жас буынға сапалы білім мен саналы тәрбие беру – ұстаздар мен ата-аналардың ортақ жауапкершілігі. Білімнің іргетасы мектеп қабырғасында қаланатындықтан, оқушының жеке қабілетін ашу, шығармашылық ойлауын дамыту аса маңызды. Мектепте алынған білім кейін жоғары оқу орнында тереңдеп, өмірлік тәжірибеге ұласады.

Осы орайда ұстаздар қауымының міндеті – жан-жақты дамыған, еркін ойлайтын, жаңашылдыққа бейім, білімді тұлға қалыптастыру. Мұндай ұрпақ қоғамның барлық саласында белсенділік танытып, тың идеялар ұсынып, ел дамуына үлес қоса алады.

Ал мектептен түлеп ұшқан жастарды үлкен өмірге бейімдеп, кәсіби тұрғыда шыңдау – жоғары оқу орындарының басты міндеті. Бұл бағытта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті айрықша рөл атқарып келеді. Ғасырға жуық тарихы бар білім ордасы талай жастың қанатын қатайтып, ғылым мен білімнің орталығына айналды. Қорытындылай келе, ел болашағының жарқын болуы ең алдымен жас ұрпақтың сапалы біліміне байланысты. Сондықтан білім мен тәрбиеге деген жауапкершілікті күшейту – уақыт талабы.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы Айтжан Ұлағат, Ә.Б. Икрамов**

## ЖАСТЫҚТЫҢ КҮШІ – БІЛІМ мен ЕҢБЕК

«Өнер, білім – жастың басты қаруы» деген сөз бекер айтылмаған. Себебі жастық шақ – ізденіс пен даму кезеңі, ал сол жолда ең сенімді тірек – сапалы білім мен үздіксіз еңбек. Осы ойды жалғастыра отырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың болашағына ерекше назар аударатынын атап өткен еді. Ол өз сөзінде өскелең ұрпаққа үлкен үміт артатынын және олардың дамуына барлық жағдай жасалуы қажет екенін жеткізді.

Жастар – қоғамның ең белсенді әрі серпінді бөлігі. Олар ел экономикасының алға жылжуына ықпал ететін негізгі күшке айналуы тиіс. Қазіргі бәсекеге толы заманда табысқа жету үшін заманауи білім, табандылық және бастамашылдық қажет. Жастардың еңбекқорлығы мен жігері үйлескен жағдайда ғана еліміздің мүмкіндіктері нақты жетістіктерге ұласады.

Соңғы жылдары мемлекет жастарды қолдау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Әсіресе жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту және инновациялық жобаларға тарту мәселелері басты назарда. Ел Президенті ұсынған экономиканы жаңғырту, индустрияландыру, ауыл шаруашылығын дамыту және мемлекеттік қызмет сапасын арттыру бастамаларына жастардың қатысуы маңызды рөл атқарады.

Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы білімнің маңызын ерекше атап өткен. Оның ойынша, елдің болашағы мен өркендеуі – тікелей оқу мен ағартушылыққа байланысты. Расында да, дамыған заманда бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – үлкен жетістіктердің кепілі.

Бүгінде елімізде заманауи талаптарға сай жабдықталған оқу орындары жұмыс істейді. Солардың алдыңғы қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті секілді іргелі білім ордалары бар. Мұнда студенттердің сапалы білім алып, кәсіби тұрғыда қалыптасуына барлық мүмкіндік қарастырылған.

Ең бастысы – берілген мүмкіндіктерді тиімді пайдалану. Әрбір жас өз білімін жетілдіріп, білікті маман атануға ұмтылғанда ғана ел болашағы жарқын болмақ.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы Дәулетбек Елдос, Бошқаев Қуантай Авгазыевич**

## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАР – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазіргі қоғам үнемі өзгеріс үстінде. Бұл өзгерістердің ішінде оң да, теріс те үрдістер бар. Осындай күрделі кезеңде «қоғамдағы түйткілдерді кім ретке келтіреді?» деген сұрақ көпшіліктің көкейінде тұратыны анық. Бұл сұрақтың жауабы – бүгінгі өскелең ұрпақ пен жастар екені де рас. Дегенмен, барлық жауапкершілікті тек жастардың мойнына арту дұрыс емес, себебі әрбір азамат қоғам дамуына өз деңгейінде үлес қосады.

Алайда, қазіргі ғылым мен технология қарқынды дамыған заманда негізгі қозғаушы күш – жастар екені даусыз. Сол себепті де елдің болашағы оларға артылған сеніммен тікелей байланысты. Біз де сол жастарға сенім артамыз, өйткені олардың энергиясы мен жаңашыл ойы қоғамды алға жетелейді.

XXI ғасыр – білім мен бәсеке ғасыры. Бұл шындық күн сайын дәлелденіп келеді. Осы орайда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттері өздерінің белсенділігімен, ізденісімен ерекше көзге түсуде. Әрине, басқа да жастардың жетістіктері аз емес, бірақ көз алдымызда өсіп, дамып жатқан студенттердің еңбегі бізге жақын әрі айқын байқалады.

Университет жастардың білімін жетілдіруге бағытталған түрлі бағдарла-

маларды жыл сайын кеңейтіп келеді. Солардың бірі – халықаралық тәжірибе алмасу жобалары.

Мысалы, Осака университеті сынды әлемдік деңгейдегі оқу орындарымен байланыс орнату – соның айқын дәлелі. Бұл университеттерден келген мамандар студенттермен тәжірибебөлісіп, жаңа білім көздерін ашуға мүмкіндік береді.

Мұндай бағдарламалардың басты мақсаты – студенттердің халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтап, елге оралып, алған білімін дамытуға үлес қосуы. Өйткені бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін, ең алдымен, сол бәсекеге төтеп бере алатын білімді жастар қажет.

Сондықтан да ҚазҰУ секілді қара шаңырақта жүзеге асырылып жатқан жобалар мен бастамалар – болашаққа жасалған маңызды қадам. Жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасау арқылы ғана елдің ертеңін нық сеніммен қалыптастыруға болады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасы;  
Ж.М.Молдабеков, А.Т.Габдуллина, А.У.Амренова**

## БІЛІМ – ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ ШАМШЫРАҒЫ

«Білімнің күні жарық» деген сөздің мәні тереңде жатыр. Расында да, болашаққа сеніммен қадам басу – ең алдымен білімге сүйену арқылы жүзеге асады. Жас ұрпақтың әрбір қадамы ел ертеңінің айқын көрінісі екенін ұмытпауымыз керек.

Білім алу – әр адамның өзіне жүктелген маңызды міндеттердің бірі. Ол тек жеке тұлғаның дамуы үшін емес, тұтас мемлекеттің өркендеуі үшін де қажет. «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген нақылдың түпкі мәні де осыны меңзейді. Шынында, сауатты әрі білімді адам кез келген қиындықтың шешімін таба алады және өмірде биік жетістіктерге жете алады.

Бүгінгі таңда ақпарат ағыны қарқынды дамыған заманда білімнің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Әлем үздіксіз өзгеріп жатқандықтан, адам тек оқып қана қоймай, өзін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Жаңа технологиялар мен ғылым жетістіктерін меңгеру – бәсекеге қабілетті болудың негізгі шарты. Сондықтан білімге деген құштарлық әрбір жастың өмірлік ұстанымына айналуы тиіс.

Сонымен қатар, білімді адамдармен қарым-қатынас жасау да жеңіл әрі пайдалы. Өйткені олар әртүрлі тақырыпта еркін ой бөлісіп, қоғамдағы өзекті мәселелерге бейжай

қарамайды. Мұндай орта адамның дүниетанымын кеңейтіп, жаңа білім алуға жетелейді.

Осы ретте Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – талай жасқа жол ашқан беделді оқу орны. Мұнда білікті профессорлар мен тәжірибелі ұстаздар білім беріп, студенттердің жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Университет қабырғасында тек білім ғана емес, өнер мен ғылым да қатар дамиды.

Қазіргі заман студенттен тек теориялық білімді емес, сонымен бірге тәжірибелік дағдыларды да талап етеді. Сол себепті университеттер халықаралық бағдарламаларға қатысып, студенттердің шетелдік тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасап отыр. Мұндай мүмкіндіктер жастардың ой-өрісін кеңейтіп, болашақта өз орнын табуына үлкен ықпал етеді. Бүгінде елімізде білім алуға барлық мүмкіндік жасалған. Қазақстанның болашағы – қазіргі жас ұрпақтың қолында. Сондықтан халық сенімін ақтап, ел дамуына үлес қосу – әрбір жастың басты міндеті.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:  
Ерғалиев Ертас Еланұлы,  
Кусаинов Арман Саинович**

## КАЗНУ И ЦЕРН: НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ФИЗИКО-ТЕХНИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА В МЕЖДУНАРОДНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби (КазНУ) продолжает укреплять статус ведущего научно-образовательного хаба, расширяя границы международного сотрудничества с крупнейшими мировыми научными центрами. Знаковым событием для физико-технического факультета стал визит представителя Европейской организации по ядерным исследованиям (ЦЕРН) – Эрнеста Закревского (Ernest S. Zakrzewski). Встреча, объединившая руководство факультета, профессорско-преподавательский состав и студентов, была посвящена перспективам интеграции молодых казахстанских исследователей в глобальные проекты мегасайенс-класса.

ЦЕРН является признанным мировым лидером в области физики высоких энергий и передовых технологий. В ходе своего выступления Закревский представил подробный обзор исследовательской инфраструктуры организации и подчеркнул значимость вклада учёных со всего мира в решение фундаментальных задач современной физики. Особый акцент был сделан на том, что современная наука не имеет границ, и КазНУ рассматривается как стратегический партнёр для формирования кадров, ориентированных на международные стандарты.

Важной составляющей дискуссии стало обсуждение практических возможностей для студентов образовательных программ, в частности ОП «Техническая физика». Прямое взаимодействие между КазНУ и ЦЕРН открывает молодым исследователям доступ к ежегодным программам профессионального роста, флагманом которых выступает The CERN Summer Student Programme. Данная программа представляет собой глубокое погружение в среду передовых экспериментов на период от 8 до 13 недель. В рамках этой практики бакалавры и магистранты работают совместно со специалистами из ЦЕРН, принимая непосредственное участие в научной деятельности организации. Критерии отбора строго регламентированы: успешное завершение 6 семестров обучения, свободное владение английским языком и сохранение статуса студента на весь период стажировки.

Стоит отметить, что студенты КазНУ уже сформировали традицию успешного участия в данной программе. В разные годы представители нашего факультета, прошедшие конкурсный отбор, демонстрировали высокие результаты в научных лабораториях Женевы, подтверждая конкурентоспособность казахстанской физической школы университета на мировом уровне. Эта преемственность служит лучшим доказательством того, что перед амбициозными студентами физико-технического факультета открыта возможность становления в качестве высококлассных учёных международного уровня.

Завершая встречу, стороны выразили уверенность, что подобные визиты закладывают надёжный фундамент для долгосрочного партнёрства. Это означает, что ежегодные летние школы и программы повышения квалификации в ЦЕРН становятся для студентов КазНУ ключевым вектором профессионального развития. Таким образом, сотрудничество КазНУ и ЦЕРН не только укрепляет международный имидж университета, но и создаёт устойчивую платформу для подготовки нового поколения казахстанских учёных, способных вносить вклад в развитие мировой науки.

**Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К., Оспанова Ш.С., Нурмуханова А.З.**  
кафедра теплофизики и технической физики КазНУ им. аль-Фараби  
**Ашибаев А.Ч., магистрант 1-го курса ОП «Техническая физика»**



## ҚАЗҰУ-ДЫ ТАҢДАУ – БОЛАШАҚҚА ДҰРЫС ТАҢДАУ...

гистр және PhD докторанттарының академиялық ұтқырлықпен шетелге шығу мүмкіндіктері, онда алған білімдерін салыстырып, білім шыңдау келешек мамандарымыз үшін керемет мүмкіндік екені даусыз. Осындай мүмкіндіктерге ие болу үшін тек аудиториядағы

алған білімі ғана емес, сонымен қатар түрлі конференцияларда баяндама жасап, өз ойлары мен идеяларын ұсынуға алғашқы қадамнан бағыттап отыратын оқытушы-профессорлардың еңбектері зор. Бұл университет талабының бірі деуге болады. Оған дәлел, дәстүрлі «Фараби оқулары әлемі» атты жас ғалымдарға арналған халықаралық конференцияны атап өтуге болады.

Қара шаңырағымыздың орналасқан жері мен аумағының өзі кез келген білім алушы мен білім берушілерді баурап, шабыттандыра өзіне тартып тұрады десек артық айтқанымыз емес. Алматының керемет таулары мен университет корпустары үйлесімділік тауып, құдды бір демалыс орнында жүргендей сезінерің анық. Бұл сіздің шығармашылық дайындығыңызды шыңдауға керемет мүмкіндік. Оқу ғимараттары, кітапхана, «Керемет» студент орталығы, спорт алаңы, жатақхана, т.б. жайында айттып жектізе алмасқызыз сөзісіз. Оны көзбен көріп, сезіну – ең дұрысы.

«Жақсыны бөлсең көбейеді» демекші... Келешек білім мен ғылым жолын таңдаушы «бакалавр», «магистратура» және «PhD докторант» дәрежесіне қызығушылық танытып, таңдау үстінде жүрген талапкерлерге нағыз БІЛІМ, ҒЫЛЫМ және ТӘРБИЕ ошағы, ең бастысы, бәсекеге қабілетті, мобильді болуға жолдама беретін ӨЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ дер едік.

**Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ,**  
**Түркология және тіл теориясы**  
**кафедрасының оқытушылары**  
**филология ғылымдарының кандидаты**  
**П.Т.МЕДЕТБЕКОВА,**  
**филология ғылымдарының кандидаты**  
**Г.ҚОРТАБАЕВА,**  
**Шетел тілі: екі шет**  
**тілі мамандығының**  
**1-курс магистранты Ф.ЗАФИДУЛЛА**

## КАЗНУ И ИЯФ: СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЁРСТВО ПО ПОДГОТОВКЕ КАДРОВ ДЛЯ АТОМНОЙ ОТРАСЛИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Казахстан находится на пути активного развития мирного использования атомной энергии. В районе озера Балхаш выбрана площадка для строительства первой АЭС в Республике Казахстан. При этом государство планирует построить не одну АЭС, а несколько. Общенациональный референдум, проведённый в 2024 году, показал, что большая часть граждан Казахстана поддерживает развитие атомной отрасли. Однако для устойчивого развития атомной отрасли страны требуются высококвалифицированные кадры.

В настоящее время специалистов для атомной отрасли готовят несколько национальных университетов и одним из них выступает Казахский национальный университет имени аль-Фараби (КазНУ), который является одним из ведущих университетов страны и обладает значительным научно-образовательным потенциалом. С другой стороны, чтобы повысить квалификацию будущих специалистов, требуется проведение усиленных практических занятий и производственных практик. И здесь партнёром выступает Институт ядерной физики (ИЯФ), который обладает необходимой экспериментальной инфраструктурой, лицензиями и разрешениями, многолетним практическим опытом и ядерными компетенциями. Например, ИЯФ эксплуатирует единственный в Республике Казахстан критический стенд, который является ядерным реактором нулевой мощности и хорошим инструментом для понимания физики ядерных реакторов. Сотрудничество КазНУ и ИЯФ по подготовке кадров для атомной отрасли имеет стратегическое значение для страны и позволит обеспечить отрасль высококвалифицированными кадрами.

На базе ИЯФ студенты ОП «Техническая физика» и «Ядерная физика» физико-технического факультета КазНУ проходят производственные пра-

ктики, проводят исследования в рамках дипломных проектов, и получают практический опыт работы со сложными установками и современным оборудованием. Производственная практика на базе ИЯФ позволяет будущим физикам выйти за пределы учебных аудиторий и изучить принципы работы сложнейших технических систем, таких как, например, исследовательский реактор ВВР-К или вышеупомянутый критический стенд. В процессе погружения студенты приобретают как фундаментальные знания, так и практические навыки, позволяющие обучающимся применить их в ходе их дальнейшего профессионального развития.

Важной составляющей практики является знакомство с современным инструментарием физика-ядерщика. В частности, студенты осваивают и получают первичные навыки работы с передовым программным обеспечением (MCNP и ANSYS Fluent) для моделирования активных зон ядерных реакторов и облучательных устройств и изучения комплексных нейтронно-физических и теплофизических процессов. Наряду с моделированием студенты получают практический опыт работы с аналитическим оборудованием, включая широкодиапазонный гамма-спектрометр Canberra GX 2518 и TGA/DSC анализатор. Это позволяет проводить поэтапные исследования материалов и компонентов ядерной и термоядерной техники.

КазНУ и ИЯФ сотрудничают уже много лет и достаточно успешно. Большая часть учёных ИЯФ окончили КазНУ и сейчас активно развивают мирное использование атомной энергии, причём не только в масштабе страны, но и в международном тоже. Специалисты ИЯФ, совместно с профессорско-преподавательским составом КазНУ, разработали учебную программу



по новой специальности «Ядерная инженерия», которая получила государственную аккредитацию и внедрена в учебный процесс с 2023 года.

Подобный формат взаимодействия университета и института служит эффективным социальным лифтом для талантливой молодёжи, поскольку, в ряде случаев, в ходе проявления студентом высокой дисциплины, технической грамотности и искренней заинтересованности в исследованиях, может позволить ему заложить надёжный фундамент будущей карьеры в стенах института и других организаций страны. Таким образом, сотрудничество КазНУ и ИЯФ не только способствует повышению качества образования, но и вносит весомый вклад в формирование высококвалифицированных специалистов для устойчивого развития атомной отрасли Республики Казахстан.

**Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К., Оспанова Ш.С.,**  
**Максутханова А.М., кафедра теплофизики и технической физики**  
**КазНУ им. аль-Фараби**  
**Ашибаев А.Ч., магистрант 1-го курса ОП «Техническая физика»**  
**Бугубай Ж.Т., докторант 1-го курса ОП «Ядерная физика»**  
**КазНУ им. аль-Фараби**

## ЛИДЕРСТВО КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ В РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ AI-SANA

Казахский национальный университет имени аль-Фараби подтверждает статус ведущего научно-образовательного центра страны, демонстрируя системное лидерство в реализации государственной программы AI-Sana. На физико-техническом факультете, в частности на кафедре теплофизики и технической физики, программа была внедрена в полном объеме с высоким уровнем организационной и академической эффективности.

Студенты факультета успешно завершили базовую подготовку по искусственному интеллекту на ведущих международных образовательных платформах (Huawei Talent, Leagm, Coursera), освоив фундаментальные принципы машинного обучения, анализа данных и интеллектуальных цифровых технологий. В марте 2026 года все обучающиеся прошли централизованное тестирование в рамках отбора на II этап программы AI-Sana, полностью выполнив поставленные государственные задачи.

Высокие результаты участия обеспечены координацией учебного процесса, методическим сопровождением и активной вовлеченностью профессорско-преподавательского состава. Использование цифровых инструментов регистрации и оценки, а также доступ к интерактивным и видеоматериалам позволили обеспечить прозрачность и стандартизацию процедур тестирования.

Реализация II этапа программы AI-Sana на физико-техническом факультете КазНУ имени аль-Фараби демонстрирует эффективную интеграцию образовательных инициатив с приоритетами государственной политики в области цифровизации. Университет выступает центром формирования компетенций нового поколения, обеспечивая подготовку специалистов, способных решать междисциплинарные задачи на стыке физики, инженерии и искусственно-го интеллекта.

**Авторы: Березовская И.Э., PhD, старший преподаватель, Рыспаева М.Ж., PhD, старший преподаватель, Кафедра теплофизики и технической физики КазНУ имени аль-Фараби**

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ: ЗАМАНАУИ САПАЛЫ БІЛІМНІҢ МАҢЫЗЫ



Біріккен Ұлттар Ұйымы белгілеген мақсаттардың ішінде ерекше орын алатыны – сапалы білім беру. Білім – қоғамның негізгі қозғаушы күші. Қазақ «білімді мыңды жеңеді» деген нақыл сөздерін қазіргі заман шарттары негіздеп отыр. Заманауи

сапалы білім тек білім берумен шектелмей, сондай-ақ тұлғаның жан-жақты қалыптасып, ілгері даму арқылы өмір сүру сапасын арттыру болып табылады.

Ғылымның, технология мен интернеттің қарқынды дамуы нәтижесінде жан-жақты білім алу мүмкіндігі артты. Осы тұрғыдан шет тілін меңгеруші Шығыстану факультетінің студенттері үшін академиялық мобильділік өзекті мәселе болып табылады. Академиялық мобильділік білім алушылардың шетелдік оқу орындарында тағылымдамалардан өту, тіл дағдыларын машықтандыру үшін өте қажет акт. Шетелдік университеттердің тәжірибесімен танысу, жаңа мәдени ортаға бейімделу, тілдік ортада білім деңгейін көтеру сияқты аспектілер шығыс тілін меңгеруші студенттердің бәсекеге қабілетті маман болып шығуына кепілдік.

Тұрақты даму мақсаттарының аясында сапалы білім беруге қатысты Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгеруші қызметін атқарушы филология ғылымдарының кандидаты А.Б.Жиекбаева ұйымдастырған тәрбие сағаты академиялық мобильділіктің негізгі мақсаты мен маңыздылығы жайында сөз қозғады. Шетел филологиясы (шығыс тілдері) білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан 2-курс студенттері білімнің маңыздылығы мен академиялық мобильділікпен байланысты мәселелер жайында өз ой-пікірлерін ортаға салды. Шығыс тілдерін меңгеріп жатқан Шырынова Аружан, Тұрсын Жансая, Асылбек Айғаным Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетте халықаралық тәжірибе алмасудағы академиялық мобильділіктің мәні мен мақсаттарына тоқталып, жалпы сапалы білім алудың қазіргі заман талабы екенін презентациялармен көрсетті. Студенттер академиялық мобильділік арқылы барынша тәжірибе жинақтау үшін қажетті құзыреттіліктерді белгілеп, оны тиімді өткізу шарттарын атап өтті. Мәдениетаралық қарым-қатынас, толеранттылық сияқты мәселелер қозғалған тәрбиелік сағат өте қызықты өтіп, студенттердің білім алу үдерісінде белсенділігін көрсетті.

А.Б.Жиекбаева қорытынды сөзінде академиялық мобильділік заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі екенін атап, оның студенттердің кәсіби деңгейін көтеріп қана қоймай, олардың әлемдік деңгейде ойлауына жол ашатынын тұжырымдады.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті, Таяу шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгеруші қызметін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты А.Б.Жиекбаева**

## СЕУЛДЕГІ ДОНГДУК ӘЙЕЛДЕР УНИВЕРСИТЕТІ (DONGDUK WOMEN'S UNIVERSITY) ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН ҮНТІМАҚТАСТЫҚТЫ КҮШЕЙТУДЕ



Оңтүстік Республикасы астанасы Сеулдегі Донгдук Әйелдер университеті (Dongduk Women's University) Түркістан өңірі – Орталық Азия түркі елдерімен гуманитарлық байланыстарды күшейте түсуде. Университет құрамындағы Еуразиялық-Түркі зерттеулер институтының директоры PhD доктор, профессор О ханымның (Oh Eunkyung) айтуына қарағанда бакалавр мен магистратурада қазақ тілі мен өзбек тілі Білім беру бағдарламасы енгізілетін болады. Осы бағытта «Silkroad магистратура құрылымы» атты дигитал платформасын іске қосу жоспарланған. Бұл платформада Орталық Азия елдеріне бағытталған «500 студент» халықаралық білім беру жобасы мен өзбек және қазақ тілін оқытуға бейімделген магистратура бағдарламасы жұмыс істейді деп күтілуде. Қазіргі таңда Донгдук әйелдер университеті жанындағы Еуразиялық - Түркі зерттеулер институтында 170-тен аса өзбекстандық жастар білім алып жатыр. Мақсат – осы үдерісті кеңейтіп, бастапқы сатыда Қазақстаннан 30 студент қабылдау, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстаннан келетін студенттерге оқу-бағдарламалық база дайындау. Яғни Орталық Азия елдері мен Түркия, Әзірбайжанмен қоса студенттер санын 500-ге дейін ұлғайту жоспарлануда.

Донгдук әйелдер университеті әкімшілігі Әзірбайжан мен Түркия елімен тығыз байланыс орнатқан. Түркияның Чанаккале Онсекиз Майыс университеті – anakkale Onsekiz Mart University ректоратымен Халықаралық келісімшартқа сәйкес ортақ Білім беру бағдарламаларын дайындауға кіріскен. Бұл өз кезегінде Орталық Азия университеттерімен кредиттік трансферге (студент / магистранттардың оқу үлгерімін кредиттік жүйе бойынша

бағалау) негізделген академиялық модельмен жұмыс жүргізуге негіз қалап, дигитал платформаның практикалық тұсын жетілдіруге ықпал етеді. Алдағы уақытта платформа кеңейе түсіп «Бірлескен (ортақ) диплом мен кредиттік жүйе жеке-жеке емес, біртұтас (ортақ) жүйе ретінде жұмыс істеуі тиіс» принципіне көшуді жоспарлауда. Осы арқылы түркі тілдерін оқытуға мамандандырылған факультет құру мәселесі де күн тәртібіне келуі мүмкін.

Профессор О ханымның (Oh Eunkyung) айтуына қарағанда қазақ-корея қарым-қатынасының тұғыры берік, әр екі елдің білім беру саласындағы мүмкіншілігі орасан зор.

1-ші суретте Сеулдегі Донгдук Әйелдер университеті (Dongduk Women's University) Еуразиялық - Түркі зерттеулер институтының директоры О ханым (Oh Eunkyung) мен Корея Республикасындағы Өзбекстан Елшісі Алишер Абдусаломовтың кездесу сәті.

2-ші суретте Донгдук Әйелдер университеті ұжымы Корея Республикасындағы Өзбекстан Елшісі Алишер Абдусаломов бастаған өзбек делегациясын үлкен ілтипатпен қарсы алды.

**Әсем Күнту (Assem Kuntu) Қауымдастырылған профессор Ерғали Есбосынов (Associate Professor Yergali Yesbossynov)**



## САПАЛЫ БІЛІМ – БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті шығыстану факультеті Түріктану және шығыс елдерінің тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен Тұрақты даму мақсаттары шеңбері аясында (ТДМ 4 Сапалы білім беру және ТДМ 17 Тұрақты даму мақсаттары жолындағы әріптестік) «Сапалы білім – болашақ кепілі» атты көшбасшылық дәріс өтті.

Шараның басты мақсаты – Ақпаратты қоғам мен цифрлық трансформация жағдайында білім беру жүйесінің сапасын арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жасанды интеллект, онлайн және гибриді оқыту модельдері, STEM білім беру мен цифрлық ресурстарды қолданудың ғылыми-теориялық және педагогикалық негіздерін кешенді түрде талдау, сондай-ақ, білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігі, цифрлық сауаттылығы мен ғылыми-танымдық белсенділігін дамытудағы тиімділігін анықтау. Шараның идеясы ТДМ 4 (Сапалы білім беру) және ТДМ 17 (Тұрақты даму мақсаттары жолындағы әріптестік) аясында тұжырымдалды. Аталмыш шараны Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Анкара Хаджи Байрам Вели университеті қолдап, іс-шараның серіктестері болды.

Шараға шығыстану факультетінің деканы, профессор М.Ш.Эгамбердиев, деканның әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Шәріпқазы, Түріктану және шығыс елдерінің тарихы кафедрасының меңгерушісі, доцент м.а А.Халел, Еуразия ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Женисхан Жаналтай және Анкара Хаджи Байрам Вели университетінің профессоры Саваш Шахин, кафедра меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Абелдаев, кафедра меңгерушісінің ғылыми инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары А. Қырқымбекова, докторанттар, магистранттар және студент жастар қатысып, мазмұнды пікірлерімен бөлісті.

Аталмыш шара Біріккен Ұлттар Ұйымы белгілеген ТДМ 4 аясында

сапалы, қолжетімді және цифрлық білім беру көрсеткіштерін, ал ТДМ 17 бойынша институционалдық және халықаралық әріптестік көрсеткіштерін күшейтеді. Нәтижесінде білім сапасы, цифрлық сауаттылық, инновацияларды енгізу және серіктестік жобалардың саны артады. Университет үшін бұл академиялық беделдік өсуіне, білім беру нәтижелерінің жақсаруына, сондай-ақ Times Higher Education сияқты халықаралық рейтингтерде позицияны нығайтуға мүмкіндік береді.

Бағдарлама аясында білім беру процесінде қолданылатын цифрлық технологияларды талдау, онлайн және гибриді оқыту модельдерін енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу, жасанды интеллект мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру, сондай-ақ STEM-білім беру арқылы студенттердің ғылыми-танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылды.

Іс-шара барысында аға оқытушы А.Қырқымбекова мен студенттер өзекті тақырыптар бойынша презентациялар жасап, сапалы білім берудің ел болашағын қалыптастырудағы стратегиялық маңызын көрсете білді. Әсіресе А.Айниддинованың «Цифрлық сауаттылықтың психологиялық-педагогикалық аспектілері», А.Асылбектің «Онлайн және гибриді оқыту модельдерінің тиімділігіне ғылыми талдау», Қ.Бидилданың «Ұрау зек teknolojilerini eğitim sürecine entegre etmenin pedagojik temelleri», А.Жұмағазының «Kaliteli eğitim salamada bilgi ve iletim teknolojilerinin BT bilimsel temelleri», Я.Разиеваның «Научные концепции подготовки будущих специалистов в информационном обществе» атты баяндамалары ерекше қызығушылық оятты.

Аталған көшбасшылық дәріс университеттің білім беру кеңістігіндегі инновациялық бастамаларды қолдауға және халықаралық әріптестікті нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды.

**Аға оқытушылар Абелдаев Ж.А., Қырқымбекова А.Т.**



## «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ — МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ҚҰРАЛЫ»

Бүгінгі әлемдік тәртіптің өзгеруі – жай ғана саяси үдеріс емес, бұл адамзат тарихындағы жаңа технологиялық кезеңнің бастауы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент сессиясында жариялаған Жолдауы еліміздің алдағы үш жылдағы даму бағытын ғана емес, Қазақстанның жаһандық бәсекедегі орнын айқындап берді. Жолдаудың өзегі – жасанды интеллект (ЖИ) пен түбегейлі цифрлық өзгерістер. Бұл құжат бізге, болашақ мамандарға – ертеңгі күннің талабы қандай болатынын нақты көрсетіп отыр.

### Цифрлық егемендік және жаңа басқару жүйесі

Президент Жолдауындағы ең батыл қадамның бірі – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру туралы шешім. Бұл – мемлекеттің жаңа технологияларға жай ғана қызығушылық емес, стратегиялық басымдық ретінде қарайтынының, мемлекеттің басқарудың икемділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталғандығының айқын дәлелі.

Сонымен қатар, «Цифрлық кодекстің» әзірленуі еліміздегі технологиялық қатынастарды заң жүзінде реттеуге жол ашады. Платформалық экономика, үлкен дерекқорларды (Big Data) басқару және ЖИ этикасы сияқты мәселелердің заңдастырылуы – инновациялық экожүйенің іргетасы.

### Экономиканың инновациялық драйверлері

Жолдауда экономиканы шикізаттық бағыттан жоғары технологиялық бағытқа бұрудың нақты жолдары көрсетілген. Атап айтқанда:

**Инвестициялық кезең:** Өңдеу саласына, әсіресе жоғары технологиялық жобаларға 1 миллиард долларға дейін инвестиция тарту бағдарламасының қолға алынуы.

**Alatau City жобасы:** Бұл қала Қазақстанның болашақтағы келбеті болмақ.

Аймақтағы алғашқы «толық цифрланған қала» ретінде криптовалютамен төлем жасау, Smart City жүйелерін енгізу сынды жаңалықтардың ошағына айналады.

**Энергетикалық дербестік:** Атом энергетикасын дамыту және екінші, үшінші АЭС-тің құрылысын жоспарлау – өсіп келе жатқан цифрлық экономиканы қажетті қуат көзімен қамтамасыз етудің жалғыз жолы.

### Агроөнеркәсіптегі цифрлық бетбұрыс

Президент ауыл шаруашылығын дәстүрлі саладан озық агроғылым орталығына айналдыруды тапсырды. Жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын жасау, ЖИ көмегімен космомониторинг арқылы егін шығымын болжау және заңсыз иемденілген 13,5 миллион гектар жерді қайтару – аграрлық сектордағы әділдік пен тиімділіктің көрінісі. Бұл қадамдар ауыл мен қала арасындағы цифрлық алшақтықты жоюға септігін тигізеді.

### Көлік-логистика: Қазақстан-Евразия көпірі

Транзиттік әлеуетті арттыру мәселесінде «Smart Cargo» бірыңғай цифрлық жүйесінің енгізілуі маңызды рөл атқармақ. Президент атап өткендей, цифрлық тәсілдерді қолданбайынша, көлік-логистика саласында жоғары тиімділікке қол жеткізу мүмкін емес. Әуе жүк тасымалын екі есе арттыру және жаңа теміржол желілерін салу елімізді жаһандық сауда тізбегіне тығыз кіріктіреді.

### Жаңа дәуірдің кадрлық әлеуеті

Жолдаудың ең маңызды түйіні – адами капитал. Жасанды интеллектің қарқынды дамуы адамдардың өмір сүру салтын өзгертуде. Бізге қойылған талап – тек технологияны меңгеру емес, оны ел игілігіне айналдыра білу.

ЖИ-ді пайдаланып қауіпті қару жасайтындар пайда болған заманда, біз бұл технологияны жасампаздық пен даму мақсатына пайдалануымыз керек.

Қорыта айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл Жолдауы – Қазақстанның үшінші жаңғыру жолындағы нақты жоспары. Бұл бізді – білім мен ғылым жолындағы жастарды – жаңа ізденістерге, бәсекеге қабілетті болуға және Отанымыздың цифрлық болашағын бірге құруға үндейді. Болашақ бүгін басталады, ал ол болашақтың негізі – жасанды интеллект пен білімді ұрпақ.

**Нуримов Ерлік Кыдыралиевич – Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD, аға оқытушысы.**

**Бақдәулетқызы Батима – Стандарттау және сертификаттау мамандығының 3-курс студенті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.**

## ДЕНЬ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ: ТРАДИЦИИ, ИДЕИ И ИНИЦИАТИВЫ

27 апреля 2026 года в аудитории 406 физико-технического факультета КазНУ имени аль-Фараби состоялось открытое мероприятие со студентами 1 курса образовательной программы «6В07501-Стандартизация и сертификация (по отраслям)» совместно с преподавателями кафедры теплофизики и технической физики. Мероприятие, начавшееся в 10:00, было посвящено актуальной теме: «Единство и молодежь: роль студентов в поддержании толерантности».

Открытое мероприятие прошло в атмосфере диалога и взаимного уважения. В условиях современного мира, где глобализация усиливает взаимодействие различных культур и народов, вопрос толерантности приобретает особую значимость. Именно молодежь, как наиболее активная и восприимчивая часть общества, играет ключевую роль в формировании культуры межэтнического согласия и гражданской ответственности.

В ходе встречи студенты и преподаватели обсудили значение единства в многонациональном обществе Казахстана, подчеркнув важность взаимного уважения, терпимости и готовности к диалогу. Особое внимание было уделено роли студенческой среды как пространства формирования базовых ценностей: открытости, эмпатии и сотрудничества. Отмечалось, что подобные инициативы особенно актуальны в преддверии Дня единства народа Казахстана, символизирующего мир, согласие и межкультурное уважение.

Участники делились своими взглядами и примерами преодоления стереотипов и предвзятости в повседневной жизни.

Отдельной темой стала роль образования в развитии толерантного мышления. Было подчеркнуто, что университет является не только центром профессионального обучения, но и важным этапом формирования личности.

Практическая часть мероприятия включала обсуждение инициатив по укреплению единства: участие в волонтерских проектах, культурных мероприятиях и студенческих объединениях.

**Тайманова Г.К., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С., кафедра теплофизики и технической физики КазГУ им. аль-Фараби Магистрант 1 курса ОП «7М07503 Метрология» Жарас М.Қ.**

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ЗАВИСИМОСТИ: ВЫЗОВ СОВРЕМЕННОСТИ И РОЛЬ УНИВЕРСИТЕТА В ИХ ПРОФИЛАКТИКЕ

В условиях стремительно меняющегося мира всё большую актуальность приобретают проблемы психологического здоровья. Одной из наиболее серьёзных и распространённых является проблема психологических зависимостей, которая затрагивает не только отдельные группы, но и всё общество в целом.

Психологическая зависимость – это состояние, при котором человек испытывает сильную потребность в определённой деятельности или объекте. В современном мире к таким зависимостям относятся интернет-зависимость, зависимость от социальных сетей, игр, а также так называемая лудомания. Особенно уязвимой категорией являются молодые люди и студенты, находящиеся в периоде активного личностного и профессионального становления.

Причины возникновения зависимостей разнообразны. Среди них – стресс, высокая учебная нагрузка, эмоциональное выгорание, проблемы в социальной адаптации. Часто зависимость становится способом ухода от реальности и попыткой компенсировать внутренние переживания.

В этих условиях особая роль отводится образовательным учреждениям. Университет сегодня – это не только место получения знаний, но и пространство формирования личности, ценностей и устойчивых моделей поведения.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби активно реализует комплексный подход к профилактике психологических зависимостей среди студентов. В университете проводятся образовательные и просветительские мероприятия, направленные на повышение осведомлённости о рисках зависимого поведения.

Одним из эффективных форматов работы стало проведение воспитательного мероприятия для студентов первого курса по специальности «Энергетические системы и возобновляемая энергетика», организованного в формате дебатов. В ходе занятия участники были разделены на две

команды, каждая из которых защищала свою позицию по вопросам, связанным с психологическими зависимостями. Такой формат позволил студентам не только глубже понять проблему, но и развить навыки критического мышления, аргументации и командной работы. Дискуссионная форма способствовала активному вовлечению обучающихся и формированию осознанного отношения к теме.

Особое внимание уделяется развитию у студентов навыков саморегуляции, критического мышления и стрессоустойчивости. Проводятся тренинги, лекции и дискуссии, в рамках которых студенты учатся распознавать первые признаки зависимости и находить здоровые способы справиться с трудностями.

Важной частью работы является психологическая поддержка. Студенты имеют возможность обратиться за консультацией к специалистам, что позволяет своевременно выявлять и корректировать проблемные состояния.

Кроме того, университетская среда способствует формированию альтернатив – участия в научной, спортивной и культурной деятельности. Это помогает студентам реализовывать свой потенциал и снижает риск формирования зависимостей.

Таким образом, профилактика психологических зависимостей является важной задачей современного университета. Комплексный подход, сочетающий образование, поддержку и развитие личности, позволяет формировать у студентов ответственное отношение к своему психологическому здоровью.

В перспективе данное направление будет только развиваться, поскольку забота о психическом благополучии студентов становится неотъемлемой частью качественного образования.

**Тлеугалиева Ажар Амангельдыевна, докторант 1-курса ОП «Техническая физика» Казахский национальный университет имени аль-Фараби**



## GENERATION Z TURNS TO CHATGPT FOR HOMEWORK — INCLUDING STUDENTS IN KAZAKHSTAN

A growing number of students from Generation Z are turning to ChatGPT and other artificial intelligence tools to complete homework assignments, write essays, and even prepare college application materials. What began as a technological novelty has quickly become a daily academic assistant for millions of young people worldwide.

Recent surveys suggest that a large majority of Gen Z students have used AI-powered tools at least once for academic purposes. For many, ChatGPT functions as a digital tutor – explaining complex topics, summarizing long readings, generating study guides, correcting grammar, and offering writing suggestions. Students say the tool saves time and reduces stress, especially during exam periods.

“I use it to help me understand difficult concepts,” said one university student. “It doesn’t replace my work, but it helps me organize my ideas.”

The trend is also visible in Kazakhstan. At Al-Farabi Kazakh National University, one of the country’s leading higher education institutions, students increasingly experiment with AI tools in their academic routines. Many use ChatGPT to practice academic English, generate ideas for essays, structure research papers, and prepare presentations.

Some students note that AI tools are particularly helpful in multilingual academic environments, where assignments may be completed in Kazakh, Russian, or English. In such contexts, ChatGPT often serves as a language assistant, helping students improve clarity and academic style.

However, the growing use of AI in education has sparked debate among faculty members. Critics argue that overreliance on AI may weaken critical thinking and independent writing skills. Universities worldwide are revising academic integrity policies to address AI-generated content. Rather than imposing strict bans, many educators emphasize responsible and transparent use of AI as a learning support tool.

Faculty members stress that students must learn not only how to use AI, but also how to critically evaluate and verify AI-generated information. As technology continues to evolve, so does the modern classroom. For Generation Z – including students in Kazakhstan – artificial intelligence is no longer a futuristic concept, but a practical academic companion.

**Senior Lecturers of the Faculty of Philology Al-Farabi Kazakh National University Bekmasheva B.N. Makharova G.S.**

## «РЕФЕРЕНДУМ АРҚЫЛЫ КОНСТИТУЦИЯНЫ ӨЗГЕРТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Қазіргі заманда мемлекеттердің даму бағыты мен саяси тұрақтылығы көбіне олардың Конституциясына байланысты. Конституция – кез келген елдің негізгі заңы, мемлекеттік құрылымның іргетасы және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылады. Уақыт өте келе қоғамның дамуы, саяси және әлеуметтік өзгерістер Конституцияға түзетулер енгізуді талап етеді. Осындай маңызды өзгерістерді жүзеге асырудың тиімді әрі демократиялық жолдарының бірі – референдум арқылы Конституцияны өзгерту.

Конституция – мемлекеттің ең жоғары заңдық күші бар құжаты. Ол мемлекеттің басқару нысанын, билік тармақтарының өзара байланысын, азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Сондықтан Конституцияға енгізілетін кез келген өзгеріс елдің болашағына тікелей әсер етеді. Қоғам дамыған сайын жаңа талаптар мен қажеттіліктер туындайды. Экономикалық реформалар, басқару жүйесін жетілдіру, азаматтардың құқықтарын кеңейту сияқты мәселелер Конституцияға өзгерістер енгізуді қажет етеді. Алайда мұндай өзгерістерді тек заң шығарушы органның шешімімен ғана емес, халықтың тікелей қатысуымен қабылдау демократиялық мемлекеттердің негізгі қағидаларының бірі.

Референдум – халықтың тікелей дауыс беруі арқылы мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешу тәсілі. Бұл – демократияның ең жоғары көріністерінің бірі, себебі халық өз тағдырына қатысты шешімдерді өзі қабылдайды. Референдум арқылы Конституцияға өзгеріс енгізу кезінде азаматтар ұсынылған түзетулерді қолдайтынын немесе қолдамайтынын дауыс беру арқылы білдіреді. Мұндай әдіс халықтың сенімін арттырып, қабылданған шешімдердің заңдылығын күшейтеді. Сонымен қатар бұл мемлекеттік басқарудағы ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етеді. Референдум арқылы Конституцияны өзгерту бірнеше маңызды ерекшеліктерімен сипатталады.

Біріншіден, бұл үдерісте халықтың тікелей қатысуы қамтамасыз етіледі. Яғни азаматтар тек сайлау кезінде ғана емес, елдің негізгі заңын өзгерту кезінде де өз пікірін білдіруге мүмкіндік алады.

Екіншіден, референдум барысында ұсынылған өзгерістер алдын ала жан-жақты талқыланады. Бұл кезеңде заңгерлер, саясаттанушылар, қоғам қайраткерлері және қарапайым азаматтар ұсынылған түзетулердің маңыздылығын талқылайды. Мұндай қоғамдық пікірталастар халықтың құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың саяси белсенділігін күшейтеді.

Үшіншіден, референдум нәтижесі – халықтың ерік-жігерінің нақты көрінісі. Егер дауыс беруге қатысқан азаматтардың көпшілігі ұсынылған өзгерістерді қолдаса, онда Конституцияға тиісті түзетулер енгізіледі. Бұл шешімнің заңдылығын нығайтып, қоғамда сенім қалыптастырады. Референдум арқылы

Конституцияны өзгерту бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жасалады. Бұл ұсынысты мемлекет басшысы немесе заң шығарушы орган көтеруі мүмкін. Келесі кезең – дайындық жұмыстары. Бұл уақытта ұсынылған түзетулердің мәнін әзірленіп, халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Ақпарат құралдары арқылы азаматтарға өзгерістердің мәні мен маңызы түсіндіріледі. Үшінші кезең – дауыс беру. Белгіленген күні азаматтар сайлау учаскелеріне барып, өз таңдауын жасайды. Бұл кезеңде әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету аса маңызды. Соңғы кезең – нәтижелерді жариялау. Егер референдум нәтижесі оң болса, Конституцияға енгізілген өзгерістер ресми түрде қабылданады және заңды күшіне енеді. Референдум арқылы енгізілген өзгерістердің қоғамға әсері: конституцияға енгізілген өзгерістер елдің саяси және әлеуметтік өміріне тікелей әсер етеді. Мысалы, басқару жүйесін жетілдіру, билік тармақтарының өкілеттіктерін нақтылау немесе азаматтардың құқықтарын кеңейту сияқты өзгерістер мемлекеттің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, мұндай өзгерістер экономикалық даму мен инвестициялық тартымдылыққа да оң әсер етуі мүмкін. Заңдардың тұрақтылығы мен айқындылығы шетелдік инвесторлар үшін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Референдум нәтижесінде қабылданған өзгерістер халықтың мүддесіне сай болған жағдайда, елдің даму қарқыны артып, қоғамдағы бірлік нығая түседі. Қорыта айтқанда, референдум арқылы Конституцияны өзгерту – демократиялық мемлекеттің дамуына ықпал ететін маңызды құрал. Бұл үдеріс халықтың тікелей қатысуын қамтамасыз етіп, қабылданған шешімдердің заңдылығын арттырады. Конституцияға енгізілген өзгерістер елдің болашағына әсер ететіндіктен, оларды халықтың қолдауымен қабылдау – әділ әрі тиімді шешім болып табылады.

**Нуримов Ерлик Кыдыралиевич,  
Жылуфизика және техникалық физика  
кафедрасының PhD аға оқытушысы,  
Оспанғазы Жансая,  
Стандарттау және сертификаттау  
мамандығының 3-курс студенті, әл-Фараби  
атындағы Қазақ Ұлттық университеті.**

## «ЖАСЫЛ» ИНДУСТРИЯ: ӨНДІРІС пен ТАБИҒАТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ

Жаһандық тренд және ұлттық мүдде XIX ғасырдағы өндірістік революциядан басталған «табиғатты бағындыру» дәуірі аяқталды. Бүгінгі таңда әлемдік экономиканың басты шарты – тұрақты даму және экологиялық жауапкершілік. Қазақстан үшін бұл мәселе тек имидж емес, ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Осы орайда, еліміздегі жаңа Экологиялық кодекс кәсіпорындарға үлкен міндеттер жүктейді.

2021 жылы қабылданған жаңа Экологиялық кодекс еуропалық стандарттарға негізделген. Оның басты жаңалығы – Ең үздік қолжетімді технологиялар концепциясы. Бұл жүйе бойынша ірі өндіріс орындары (I санаттағы объектілер) 2025 жылдан бастап кезек-кезеңімен жаңа технологияларға көшуіне міндеттелген. Егер кәсіпорын экологиялық тиімділігі жоғары технологияны енгізсе, ол эмиссия үшін төлемнен босатылады. Ал егер ескі әдіспен жұмыс істей берсе, салық мөлшерлемесі жыл санап еселеніп өсе береді.

Қазақстанның өндірістік секторындағы кәсіпорындарды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. Халықаралық корпорациялар: Мұнай-газ және тау-кен саласындағы ірі ойыншылар (мысалы, Теңізшевройл, Қарашығанақ және т.б.) бұрыннан халықаралық стандарттармен жұмыс істейді. Олар үшін жаңа талаптарға бейімделу қиынға соқпайды.

2. Мемлекеттік және жекеменшік орта өндіріс орындары: Мұнда жағдай күрделірек. Көптеген ЖЭО (ТЭЦ) мен зауыттардың жабдықтары 50-70%-ға тозған. Оларды бір күнде ауыстыру мүмкін емес.

3. Шағын және орта бизнес: Олар үшін тазарту қондырғыларын орнату – қаржылық тұрғыдан өте ауыр жүк.

Мақала аясында жүргізілген талдаулар кәсіпорындардың табиғатты қорғауға дайындығына бірнеше фактор кедергі екенін көрсетеді:

1. Қаржылық сыйымдылық: Сүзгілер мен тазарту жүйелерінің құны миллиондаған долларды құрайды. Отандық банктердің несиелік пайызы жоғары, ал мемлекеттік қолдау бағдарламалары барлық кәсіпкерге бірдей жетпейді.

2. Технологиялық тәуелділік: «Жасыл» технологиялардың көбі шетелдік. Оларды сатып алу, орнату және кейіннен қызмет көрсету валюта бағамына тікелей байланысты.

3. Автоматтандырылған бақылау жүйесінің жоқтығы: Көптеген кәсіпорындар әлі күн-

ге дейін ауаға қанша зиянды зат шығарып жатқанын қолмен есептейді. Ал заң бойынша, бұл деректер онлайн режимде мемлекеттік органға берілуі тиіс.

Қазіргі таңда әлемдік нарықта «таза» өнімге сұраныс жоғары. Егер біздің металлургия немесе химия өнімдері экологиялық стандарттарға сай болмаса, болашақта оларға Еуропа мен АҚШ нарығы жабық болады (көміртегі салығы арқылы). Демек, табиғатты қорғау – бұл тек этикалық мәселе емес, экономикалық өміршеңдік мәселесі. Кәсіпорындар экологияны қорғауды «шығын» деп емес, «инвестиция» деп қарауы керек. Энергия үнемдейтін технологиялар алғашқы 3-5 жылда-ақ өзін-өзі ақтап, кәсіпорынның тиімділігін арттыратыны дәлелденген. Тек қана айыппұл салу мәселені шешпейді. Мемлекет тарапынан «жасыл» облигациялар шығару, салықтық жеңілдіктер беру және экологиялық жаңғыруға арналған төмен пайызды несиелер ұсыну маңызды. Сонымен қатар қоғамдық бақылаудың рөлі де зор. Экобелсенділер мен тұрғындардың талабы кәсіпорындарды ашық жұмыс істеуге мәжбүрлейді.

Қорыта айтқанда, отандық кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігі өтпелі кезеңде тұр. Бизнес қауымдастығы табиғатты қорғаудың маңыздылығын сезініп, жаңа стандарттарға бейімделудің қажеттілігін толықтай түсінді. Дегенмен, техникалық базаны жаңарту мен инновациялық технологияларды енгізу процесі қосымша уақыт пен ауқымды қаржылық қолдауды талап етеді. Қазақстанның «жасыл» экономикаға бет алуы – бұл жай ғана стратегиялық бағыт емес, ұлттық қауіпсіздік пен болашақ ұрпақ алдындағы үлкен міндет. Кәсіпорындар экологиялық талаптарды айыппұлдан құтылуының амалы ретінде емес, өндірістің тиімділігін арттыратын жаңа мүмкіндік ретінде қарастыруы тиіс. Біздің бүгінгі табиғатты сақтау жолындағы қадамдарымыз бен салған инвестициямыз – ертеңгі салауатты қоғам мен таза қоршаған ортаның басты кепілі болмақ.

**Нуримов Ерлик Кыдыралиевич,  
Жылуфизика және техникалық физика  
кафедрасының PhD, аға оқытушысы,  
Бақдәулетқызы Батима,  
Стандарттау және сертификаттау  
мамандығының 3-курс студенті,  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
университеті.**



23 апреля 2026 года Председатель Правления – Ректор Казахского национального университета имени аль-Фараби Жансеит Туймебаев провёл официальную встречу с делегацией Чжуннаньского университета экономики и права (Китайская Народная Республика) под руководством секретаря партийного комитета Хоу Чжэньфа.

В ходе переговоров стороны рассмотрели текущее состояние и перспективы развития академического сотрудничества между двумя университетами. Секретарь партийного комитета Хоу Чжэньфа высоко оценил результативность установленного партнёрства с КазНУ, отметив, что по состоянию на сегодняшний день 30 выпускников КазНУ успешно завершили обучение и стажировки в Чжуннаньском университете, ещё 11 обучающихся продолжают освоение образовательных программ в настоящее время.

«КазНУ имени аль-Фараби является одним из ведущих высших учебных заведений Центральноазиатского региона. Мы в полной мере заинтересованы в дальнейшем укреплении двустороннего партнёрства. В целях реализации данного намерения планируется выделение специализированных гран-

## О ВЫДЕЛЕНИИ ГРАНТОВ ЧЖУННАНЬСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ЭКОНОМИКИ И ПРАВА ДЛЯ СТУДЕНТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*тов для прохождения обучения казахстанскими студентами в Чжуннаньском университете экономики и права»,  
– заявил Хоу Чжэньфа.*

Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев, в свою очередь, положительно оценил выдвинутую инициативу и подтвердил готовность университета к углублению взаимодействия с китайским вузом в гуманитарной и технической сферах. Особое внимание в ходе переговоров было уделено значимости реализации совместных научно-исследовательских проектов и программ академического обмена в интересах обеих сторон.

По итогам переговоров представители двух университетов подписали двусторонний меморандум о расширении академического сотрудничества. Документ предусматривает разработку и реализацию новых совместных образовательных программ, а также содействие повышению академической мобильности студентов и профессорско-преподавательского состава обоих учреждений.

Подписание меморандума и инициатива по выделению грантов несут в себе целый ряд существенных преимуществ для казахстанского студенчества и академического сообщества в целом. Во-первых, гранты открывают реальный доступ к качественному образованию мирового уровня: Чжуннаньский университет экономики и права входит в число ведущих специализированных вузов КНР, что обеспечивает студентам КазНУ возможность получить диплом, признанный в международном академическом и профессиональном пространстве. Во-вторых, обучение в Китае позволяет молодым специалистам освоить китайский язык и глубже погрузиться в деловую культуру одного из крупнейших экономических партнёров

Казахстана, что существенно повышает их конкурентоспособность на рынке труда.

В-третьих, расширение программ академической мобильности способствует формированию устойчивых научных связей между двумя странами: совместные исследовательские проекты создают синергетический эффект, объединяя казахстанский и китайский научный потенциал для решения актуальных задач в области права, экономики и управления. Наконец, подобное партнёрство укрепляет имидж КазНУ как открытого и internationaly ориентированного университета, что привлекает новых абитуриентов и повышает позиции вуза в международных рейтингах.

На мой взгляд, данное соглашение представляет собой важный и своевременный шаг в развитии казахстанско-китайского образовательного диалога. В условиях активного укрепления стратегического партнёрства между Казахстаном и Китаем подготовка специалистов, владеющих не только профессиональными компетенциями, но и глубоким знанием китайского языка, права и деловых практик, становится задачей государственной значимости. Именно такой формат сотрудничества – с реальными грантами, двусторонними меморандумами и конкретными цифрами академической мобильности – демонстрирует переход от декларативных намерений к системной работе. Представляется, что КазНУ, последовательно расширяя подобные партнёрства, формирует фундамент для подлинной интернационализации казахстанской высшей школы, что в конечном счёте отвечает долгосрочным интересам всего общества.

**Магистрант: Н.Б. Алшынбай  
Научный руководитель: PhD Жамбылқызы Марина**

# ШЕТЕЛДЕ ОҚУ – МҮМКІНДІКТЕР мен ҚИЫНДЫҚТАР

Қазіргі жаһандану заманында жоғары білім алу тек аудиториядағы лекциялармен шектелмейді. Бүгінде үшінші курс студенті ретінде өткен жолыма көз жүгіртсем, халықаралық тәжірибе жинақтаудың тұлғалық және кәсіби дамуға қаншалықты әсер ететінін анық байқадым. Бұл мақалада мен өзімнің академиялық жолымда кездескен мүмкіндіктер мен қиындықтарды, сондай-ақ бұл тәжірибенің менің мансабыма қалай жол ашқанын баяндаймын.

Менің кәсіби негізім еліміздің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қаланды. ҚазҰУ ұсынатын заманауи білім беру стандарттары мен іргелі ғылыми база маған таңдаған мамандығым бойынша күрделі мәселелерді түсінуге және академиялық еркіндікке жол ашты. Университеттегі озық оқыту әдістемелерінің арқасында мен академиялық ұтқырлық бағдарламасымен жетекші халықаралық жоғары оқу орындарының бірі – ИТМО университетіне барып, білімімді шыңдауға мүмкіндік алдым.

Шетелдік оқу орнында білім алу – бұл тек жаңа диплом емес, бұл әлемге деген көзқарастың түбегейлі өзгеруі. ИТМО қабырғасындағы инновациялық білім беру ортасымен танысу, жаңа салалық трендтерді игеру және халықаралық деңгейдегі мамандармен пікір алмасу менің кәсіби деңгейімді жаңа сатыға көтерді. Халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті дайындық менің бойымдағы жауапкершілік пен мақсатқа ұмтылушылықты арттырды.

Осы халықаралық тәжірибенің және ҚазҰУ-дағы кәсіби дайындық деңгейінің арқасында мен бүгінде үлкен жетістікке жеттім. Атап айтқанда, әлемдік нарықтағы алпауыт компаниялардың бірі – Robert Bosch компаниясына стажировкаға іріктеуден өттім. Бұл мен үшін тек жұмыс орны емес, халықаралық корпоративтік мәдениетті меңгеруге берілген бірегей мүмкіндік.

Әрине, шетелде оқудың өз қиындықтары да жетерлік. Жаңа ортаға адаптация жасау, өзге мәдениеттің ерекшеліктерін түсіну және туған елден жырақта жүріп білім алу үлкен төзімділікті талап

етеді. Тілдік кедергілер мен академиялық талаптардың жоғарылығы кейде студенттерді тығырыққа тіреуі мүмкін. Дегенмен, бұл қиындықтардың барлығы адамды шындейды, стресске төзімділікті арттырады және кез келген мәселенің оңтайлы шешімін табуға үйретеді.

Халықаралық тәжірибе жинақтау жолындағы әрбір қадам адамды тек маман ретінде емес, тұлға ретінде жаңа биіктерге жетелейді. Сондықтан алға қойған асқақ армандар мен батыл шешімдер ертеңгі күні сіз үшін жаһандық мүмкіндіктердің алтын кілтіне айналатыны сөзсіз.

**Нурымов Ерлік Кыдыралиевич,  
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасының  
PhD аға оқытушысы.**

**Муталип Сафия, Стандарттау және сертифициаттау  
мамандығының 3-курс студенті, Әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық университеті**

## ӨЗГЕРІС ДӘУІРІНДЕГІ ЖАСТАР: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР мен ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамдағы кез келген өзгеріс алдымен адамның ішкі көзқарасынан бастау алады. Дегенмен көп жағдайда адамдар жаңаруды өзінен емес, сыртқы ортадан күтеді. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі жастардың өзгерістерге қаншалықты дайын екеніне назар аудару аса маңызды.

Шын мәнінде, әр кезеңді жастармен байланыстыруға болады. Себебі елдің келешегі тікелей жас буынның қолында. Сондықтан әрбір жас өзіне маңызды сұрақтар қойып, соған жауап іздеуі қажет: «Қай бағытта дамыған дұрыс? Қазіргі өзгерістерге қалай бейімделемін? Қоғамға пайдалы болу үшін қандай қадам жасау керек?» Мұндай ізденіс саналы тұлғаның қалыптасуына негіз болады.

Халық арасында «Жастар – болашақтың алтын көпірі» деген сөз бар. Бұл – жас ұрпақтың қоғамдағы рөлін айқындайтын тұжырым. Әрбір жас өз білімі мен қабілетін тиімді

пайдаланып, қоғамнан өз орнын табуға ұмтылуы тиіс. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы да, қоғамдық өмірдің белсенділігі де жастардың ұстанымына, көзқарасына және болашаққа деген сеніміне тәуелді. Сол себепті олардың дүниетанымын кеңейтуге, ақпараттық сауаттылығы мен азаматтық мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлінуі керек.

Патриоттық тәрбие де бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі. Мемлекеттік деңгейде қабылданған стратегиялық құжаттарда жастардың білімді, еңбекқор және елжанды болуы басты басымдық ретінде қарастырылған. Дәстүр мен заманауи талаптарды үйлестіре білген ұрпақ қана ел дамуына серпін бере алады. Сондықтан әр азамат ел болашағына бейжай қарамай, өз үлесін қосуға ұмтылғаны жөн.

Бүгінде еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі саналатын ҚазҰУ студенттеріне артылар сенім зор. Университетте білім алып жүрген жастардың белсенділігі, ізденісі мен талпынысы олардың алдағы уақытта үлкен жетістіктерге жетуіне негіз қалайды. Осындай білімді әрі жігерлі буын қоғам дамуына оң ықпал ететіні сөзсіз.

Қорытындылай айтқанда, жастардың бойындағы оң қасиеттер – елдің ертеңіне деген сенімді нығайтатын басты фактор. Себебі бүгінгі жас буын – болашақтың тірегі. Білімді, мақсатшыл әрі ұлттық құндылықтарды қадірлейтін жастар бар жерде елдің келешегі де кемел болмақ.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы:  
Зиябек Саятбек, Каликулов Оразалы**

## САПАЛЫ БІЛІМ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ БЕРІК ТҰҒЫРЫ

Қазіргі таңда білім алуға мүмкіндік беретін оқу орындары мен мамандықтар саны айтарлықтай артқан. Соған қарамастан, мектеп түлектері мен олардың ата-аналары үшін басты мәселе – сапалы білім ұсынатын, заманауи технологиялар мен озық әдістерді қолданатын оқу орнын дұрыс таңдау. Ел басшылығы да білімнің маңызын ерекше атап өтеді. Себебі терең білім – елдің тәуелсіздігін нығайтатын басты құндылықтардың бірі. Жоғары оқу орындары тек білім беріп қана қоймай, ғылыми зерттеулер жүргізетін, кәсіби мамандарды қалыптастыратын маңызды орталық саналады. Осындай іргелі оқу орындарының қатарында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше орын алады.

Қазақстандағы жетекші университеттердің бірі ретінде ҚазҰУ жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен талапкерлерді қабылдайды. Алайда бұл оқу орнына білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті қалыптасқан, ізденімпаз әрі бәсекеге қабілетті жастар ғана оқуға түсе алады. Осындай талаптардың нәтижесінде университет түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие болып, түрлі салаларда табысты қызмет атқарады.

Жаһандану жағдайында халықаралық байланыстарды дамыту университеттер үшін аса маңызды бағыттардың біріне айналды. Осыған байланысты ҚазҰУ-де академиялық ұтқырлық бағдарламалары жүзеге асырылып келеді. Бұл мүмкіндіктер студенттерге, магистранттар мен докторанттарға шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып, тәжірибе жинақтауға жол ашады. Сонымен қатар университетте заманауи ғылыми кітапхана жұмыс істейді. Мұнда студенттер оқу материалдарын орта-

лықтандырылған жүйе арқылы оңай таба алады. Электронды кітапхана қызметі қажетті әдебиеттерге онлайн тапсырыс беріп, оларды оқу залдарынан алу мүмкіндігін ұсынады. Интернет желісінің қолжетімділігі білім алушыларға отандық қана емес, шетелдік ғылыми басылымдарды да пайдалануға жағдай жасайды.

ҚазҰУ-дегі білім беру жүйесінің тағы бір артықшылығы – кең ғылыми база, жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы және студенттердің ғылыми қызметпен айналысуына жасалған қолайлы орта. Сонымен бірге университет белсенді студенттік өмірімен де ерекшеленеді. Мұнда мәдени, ғылыми және қоғамдық іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беріледі.

Бүгінде ҚазҰУ Қазақстанмен қатар бүкіл Орталық Азиядағы беделді халықаралық университеттердің бірі ретінде танылып отыр. Оқу орны әлемдік білім кеңістігінде өз орнын нығайтып, ғылыми зерттеулер мен білім беру сапасын жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Университетте студенттердің сапалы білім алуына, ғылыми ізденіспен айналысуына және тұлғалық дамуына барлық жағдай жасалған. Соның нәтижесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жыл сайын ұлттық рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді. Бұл – оқу орнының ғылым мен білім саласындағы көшбасшылық деңгейін айқындайды.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы Оманов Даниал Ержанұлы, Каликулов Оразалы**

## БІЛІМ – ТАБЫСТЫ КЕЛЕШЕКТИҢ НЕГІЗІ

Білім игеру – қысқа уақыттың шаруасы емес, ол адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналған үздіксіз үдеріс. Тек сапалы білімнің арқасында ғана адам өз болашағын қалыптастырып, алға қарай сенімді қадам жасай алады.

Қазақ халқы ежелден білім мен парасатты жоғары бағалаған. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөз соның айқын дәлелі. Бұл ой қазіргі кезеңде бұрынғыдан да өзекті. Себебі бүгінгі қоғамда күштен гөрі ақыл мен білімнің рөлі басым. Қазіргі әлемде кез келген мемлекеттің дамуы мен беделі ғылым мен білім деңгейіне тікелей тәуелді. Дегенмен, білімді тек меңгеру жеткіліксіз, оны дұрыс бағытта қолдана білу де аса маңызды. Білім жолы табандылық пен үздіксіз еңбекті талап етеді, сондықтан онсыз толыққанды өмір сүру мүмкін емес.

«Жастар – ел ертеңінің тірегі» деген түсінік халқымызда бекер қалыптаспаған. Әрбір жас өз қабілетін шыңдап, кәсіби білімін жетілдіру арқылы қоғамда өз орнын табуға ұмтылуы қажет. Елдің дамуы, әсіресе әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан ілгерілеуі, жастардың белсенділігі мен көзқарасына байланысты. Сол себепті жас буынның дүниета-

нымын кеңейтуге, мәдени деңгейін көтеруге және саяси сауаттылығын арттыруға ерекше мән беру керек.

Әрбір жас өз елінің патриоты болуға ұмтылып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуі тиіс. Тәуелсіз Қазақстанның жастары бейбіт өмірдің қадірін түсініп, мемлекетіміздің дамуына өз үлесін қосуға дайын болуы қажет. Халық даналығында айтылғандай, болашақты бүгіннен бастап ойлау – әр азаматтың міндеті. Сондықтан елдің жарқын келешегі әрқайсымыздың жауапкершілігімізге байланысты.

Бүгінде еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі саналатын ҚазҰУ студенттеріне үлкен үміт артылады. Университет қабырғасында білім алып жатқан жастардың талпынысы мен ізденісі олардың болашақта биік жетістіктерге жетуіне негіз болады. Осындай білімді, мақсатшыл ұрпақ ел дамуына серпін беріп, қоғамның жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал ететіні анық.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, теориялық және ядролық физика кафедрасы С.У.Маматова, Н.Ә.Бейсен**



Меншік иесі:

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ Президенті және «Түркі Әлемі» газетінің Бас редакторы – АХМЕТ ДАҒДҰРАН**

**Түркі халықтары мәдени қоры Әйелдер комитетінің төрайымы – Дариға ТҮРЛЫБЕК**

**Түркі халықтары мәдени қоры Зиялылар комитетінің төрайымы – Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ**

Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады  
**ИНДЕКСІ: 65862**

**ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, 29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.**

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Таралымы – 5 000 дана

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:**

**Индекс 050012, Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 145/26, Ғабдуллин көшесінің қилысы  
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40**

**e-mail: thmv\_almati@mail.ru www.turkvakif.com**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Дариға ЖҮНИСОВА  
Ислам ЖЕМЕНЕЙ  
Ахмет ТОҚТАБАЙ  
Мақсұтхан ЖАҚЫП  
Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА  
Тұрсын ҒАБИТОВ  
Мұсат ИМАНҚҰЛ**

Редактор:  
**Арман ӘУБӘКІР**

Техникалық редактор:  
**Фарида ТУҒАНБАЙ**

Меншікті тілші:  
**Ақгүл АЙДАРБЕКҚЫЗЫ**

Корректор:  
**Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ**

**ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:**

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ  
Байланыс телефондары: Анкара - 90312 4183479, 90555214 0244 ұялы тел.

Батыс Түркиядағы өкілі (Греция) Абдулхалим ДЕДЕ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail. dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының бастығы, Керкук газетінің өкілі, Кенан Коч Мугла Сытқы қотман университетінің доценті – Байланыс телефондары: Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com

Стамбұл (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУН, Жастар спорт комитетінің басылым жөніндегі кеңесшісі. Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail. ahmettuzun2000@yahoo.com

Румыниядағы өкілі Гольшен ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костиже радиосының өкілі Байланыс телефоны: 004 078 413 93 14, e-mail.

# çiçek mangal



ТУРЕЦКАЯ КУХНЯ



cicek\_mangal

cicek mangal

1. г. Алматы, ул. Кунаева 64  
тел. + 7 727 273 0268, сот. + 7 702 918 9001
2. г. Алматы, ул. А.Нусупбекова 26/11а-11  
тел. + 7 727 397 6667, сот. + 7 701 639 4434.
3. г. Алматы, проспект Назарбаева 226, МФК RAMSTORE ALL IN  
тел. + 7 727 279 2222, сот. + 7 702 152 9998

## NIKEL METAL

[www.nikelmetal.kz](http://www.nikelmetal.kz)

### О КОМПАНИИ

ТОО «NIKEL METAL» – надежный поставщик нержавеющей металлопродукции и цветных металлов в Республике Казахстан. Компания располагает собственным складом в г. Алматы и успешно работает на рынке более 10 лет, обеспечивая промышленные, строительные и торговые компании качественной продукцией. Мы предлагаем широкий ассортимент изделий из нержавеющей стали, алюминия и оцинкованного металла, полностью соответствующих международным стандартам AISI.

### НАШИ ПАРТНЕРЫ



### НАШИ ПРЕИМУЩЕСТВА:

- ✓ Широкий ассортимент металлопродукта
- ✓ Стабильное наличие на складе
- ✓ Конкурентоспособные цены
- ✓ Профессиональный подход к каждому клиенту
- ✓ Надёжность и ответственность в поставках
- ✓ Оперативная логистика
- ✓ Доставка по Алматы и регионам Казахстана




### КОНТАКТНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ТОО «NIKEL METAL»

Адрес: г. Алматы, ул. Утеген батыра, 58А (уг. ул. Толе би).

[www.nikelmetal.kz](http://www.nikelmetal.kz)  
[buh@nikelmetal.kz](mailto:buh@nikelmetal.kz)

Тел.:

- +7 (707) 586-55-50
- +7 (707) 586-55-54
- +7 (777) 523-00-39
- +7 (727) 381-65-54



## BARSAN

ТЕЛЕФОН АКСЕССУАРЛАРЫ ЖӘНЕ ТЕЛЕФОНДАР



ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИ ҚОРЫ  
Мүшелеріне жарамды

ЭКСТРА  
**20%**  
ЖЕҢІЛДІК  
Мүшелеріне жарамды



САПАЛЫ ӨНІМДЕР



СЕНІМДІ ҚОРҒАУ



ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАЛАР



КЕҢ ТАҢДАУ



kaspi magazin



Магазиніміз  
**Seven Shop**



Kaspi.kz қосымшасында ізденіңіз



ТРЦ «Atakent Mall» Студент, бутик 6, Тимирязева 42, к3



+7 776 362 5396 +7 702 957 8272



@barsan\_case instagram